

Ushqyr oıla! Brikke samğa! Álemdi sharla!



Farabi


№1

ҚАҢТАР
2025

shákirti

@farabishakirti.kz
f @farabishakirti.kz
i @farabishakirti.kz

МЕКТЕП МҰҒАЛИМДЕРІНЕ, ОҚУШЫЛАРҒА, ОРТА ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ ОҚУ
ОРЫНДАРЫ ОҚУШЫЛАРЫ МЕН БІЛІМ АЛУШЫЛАРЫНА, САЛА МАМАНДАРЫНА,
АРДАГЕРЛЕРГЕ, АТА-АНАҒА АРНАЛҒАН РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ТАНЫМДЫҚ ЖУРНАЛ



Сурет: «Priroda club»



**ТОҚАЕВ Қасым-Жомарт Кемелұлы,
Қазақстан Республикасының Президенті:**

«Жетінші мәселе. Оқушыларға озық біліммен қатар өнегелі тәрбие беру керек. Мемлекеттің тірегі – адал азаматтар. Елімізде осы қағидаға негізделген жаңа қоғамдық этика орнығуға тиіс. Қазақта «Ұстазы жақсының ұстанымы жақсы» деген сөз бар. Мектеп ізгілік қағидаларын, адамзатқа ортақ құндылықтарды балалардың бойына сіңіретін орталыққа айналуы керек»

(Қасым-Жомарт Тоқаевтың Республикалық педагогтер съезінде сөйлеген сөзінен).

**Алматы облысы, Қаратал ауданы, Үштөбе қаласындағы жазушы, детектив жанрының негізін қалаушы Кемел Тоқаев атындағы мектепте*

Мектеп мұғалімдеріне, оқушыларға, орта және жоғары оқу орындары оқытушылары мен білім алушыларына, сала мамандарына, ардагерлерге, ата-анаға арналған Республикалық танымдық журнал

№1 (65) қаңтар 2025

Журнал 2019 жылдың наурыз айынан бастап, айына 1 рет шығады (электронды нұсқа)

Шығарушы және меншік иесі
«MODERN MEDIA ALMATY» ЖШС

Директор-Бас редактор: **Жанастан КУЧУКОВА**
Тілшілер: **Жұлдыз ӘБІЛ,**
Тамила ИБРАГИМОВА
Безендіруші-дизайнер: **Раушан БАҚЫТЖАНҚЫЗЫ**

Редакцияның мекенжайы: 040600, Алматы облысы,
Ұзынағаш, Тәуелсіздек, 81.
Тел.: +7 701 730 9312
E-mail: farabi_shakirti@mail.ru
ТАРАЛЫМЫ – 228 дана.

Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі
"Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің
Ақпарат комитеті" республикалық мемлекеттік мекемесі

Мерзімді баспасөз басылымын, ақпарат агенттігін және желілік
басылымды қайта есепке қою туралы КУӘЛІК № KZ28VPY00092839
Астана қ. Берілген күні: 17.05.2024 ж.

Атауы: Республикалық «Farabi shakirti» журналы.
Тілі: қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде басылады. Тақырыптық
бағыты: Мектеп мұғалімдері мен оқушыларға, орта және жоғары оқу
орындары оқытушылары мен білім алушыларына, сала мамандарына,
ардагерлерге, ата-анаға арналған Республикалық танымдық журнал.
Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы
Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі:
17481-Ж 28.01.2019 жыл

Журналдың цифрлық нұсқасы «Farabi shakirti» редакциясында
қапталды.

Журнал бетінде жарияланған оқырмандарымыздың көзқарасы мен
олардың шығармаларының нақтылығы үшін редакция жауап бермейді.

"Он екіде аттанып, қылыш ілдім білекке"

АҚТАМБЕРДІ САРЫҰЛЫ

(1675-1768 жж.) – атақты жырау, батыр, мемлекет және қоғам қайраткері, дипломат.

УА, ҚАРТ БӨГЕНБАЙ!

Уа, Қарт Бөгенбай!
Құяр жауын аспаннан,
Қара бұлт торласа.
Пәлекет елде көбейер,
Жігітті жігіт қорласа.
Ақбөкен келіп жығылар,
Алдын қазып орласа.
Пенденің бағы ашылмас,
Мандайы қалың сорласа.
Дұшпан қорлап не қылмақ,
Бақыт басқа орнаса!
Қынаптан қылыш суырмай,
Қарысқан жау бүлк етпес,
Жуылмай қастың қанымен,
Намысқа тиген кір кетпес.
Шабыссаң, қане, шығып көр,
Жау емессің күш жетпес,
Дарабоздай қолбасы
Абыройын кірлетпес!
Ұрын келген күйеу қайда,
Жесір қайда тіл отпес?
Жендетті көрсет көзіме,
Желіккен басты кім кеспес?!
Елінді жүндей түткізіп,
Қанды көбік жұтқызып,
Жайратамыз осы кеш!..



ЕДІЛ, ЖАЙЫҚ – ЕКІ ӨЗЕН

Еділ, Жайық – екі өзен,
Талсыз болар деймісің.
Көкшетаудың көп көлі
Елсіз болар деймісің.
Бота көзді бойжеткен
Жарсыз болар деймісің.
Абылай қонған кең қоныс
Елсіз болар деймісің.
Еркін жайлап қонған соң,
Малсыз болар деймісің.

Тұлпар туған құлыншақ
Ерсіз болар деймісің.
Тебінген тепкі тиген соң,
Терсіз болар деймісің,
Алқынған арын баспайтын
Өрсіз болар деймісің.
Орын тапқан ер жігіт
Жерсіз болар деймісің.
Орда тігіп орнаса,
Төрсіз болар деймісің!

ЖАҒАЛБАЙ ДЕГЕН ЕЛ БОЛАР

Жағалбай деген ел болар,
Жағалтай деген көл болар.
Жағалтайдың жағасы
Жасыл да байтақ ну болар.
Атадан алтау туғанның
Жүрегiнiң бастары
Алтын менен бу болар.
Атадан жалғыз туғанның
Жүрегiнiң бастары
Сары да жалқын су болар,
Жалғыздық, сені қайтейін!..

*malim.kz сайтынан алынды.
Сурет: Қаратау Мемлекеттік
қорығының сайтынан алынды.*



КЕЗ БОЛСА ДА ГҮЛ ТҮГІЛ, ТАС ҚҰРТТАҒАН

Қадыр Мырза Әли

Кез болса да гүл түгіл, тас құрттаған,
Көкірегімді ешкімге бастыртпағам.
Қуанышы құлақтың - жылы лебіз,
Жылы лебіз,
Жақсы сөз естірт маған!
Ел дегенде бойына ас батпаған,
О туған жер, мен сенің асқақ балаң,
Қуанышы кеуденің - гүл жұпары,
Гүл жұпарын өлерде иіскет маған!
Дүниеге әкелген құрсақ-далам,
Қандай-қандай қызығың бар сақтаған?
Қуанышы көзімнің - әдемілік,
Сұлулық пен сұлуды көрсет маған!

ОТАНЫҢА ҚЫЗМЕТ ЕТ

Кеңшілік Мырзабеков

— Отаныңа қызмет ет!
Қызмет ет Отанға!
Балам, саған осы менің бұйрығым да, батам да!
Қатардағы солдат болу жүру емес қатарда,
Қатарды құр көбейткеннің қатарында атанба!
«Қатарыңнан оз» дер едім, оған көзім жетер ме,
Оза алмасаң, озбай-ақ қой, тек алқынба бекерге.
Туған жерді мен сияқты түк қалдырмай арала,
Бара алмасаң, бармай-ақ қой,
мен бармадым шетелге.
Мен жимадым, жинамасаң, жинамашы дүние,
Мен сияқты оны өзіңнің жеңдір көңіл-күйіңе.
Мен сияқты кеш оралма келініме, үйіңе,
Жан жарымдай жарың болса-ау көнтұғын иіңе.
Мен сияқты, мен сияқты...

(Мен кімге үлгі болып ем),
Жүрдім бірақ Отанымның сұрлеу,
соқпақ жолымен.

— Отаныңа қызмет ет! Қызмет ет Отанға!
Осы ұранға рухтан да, осы ұранға тебірен! —
Отаныңа қызмет ет!

БІЗДІҢ ОТАН

Оразбай Байбақұлы

Таулы, тасты сала көп,
Сірә, мұндай дала жоқ.
Атаң менен әжеңнің
Өскен жері бала боп.
Мөлдіреген бұлағы,
Желбіреген құрағы,
Өкең менен анаңның
Қасиетті тұрағы.

Бабалардан қалған жер,
Елдің бағы жанған жер,
Нәресте боп сенің де
Кіндік қаның тамған жер.

Келген көріп қайтады,
Қойны кенге бай тағы,
Біздің Ұлы Отан деп,
Осы өлкені айтады.

ҰҒЫНДЫРҒАН ҰЛЫЛЫҚТЫҢ НЕ ЕКЕНІН

Бақыт Беделханұлы

Ұғындырған ұлылықтың не екенін.
Құлын шағым кісінесе қырлардан
Желпілдеген жел боп саған жетемін!
Құнан кезім күркіресе, күндей боп

Найзағайдай бір жарқ етіп өтемін.
Кіндік қаным тамған жердің рухымен
Жасымастай жалын едім, от едім.
Өйткені, ол - менің туған Отаным,
Өйткені, ол - менің туған мекенім,
Қымтап жатқан еркіндіктің етегін!..

МЕНІҢ ЖЕРІМ

Гүлжауһар Сейітжан

Менің жерім...
Эфирден ән естілді,
Қайталадың сол үнді сен неліктен...
Жерім деп сол ән салған нәресте үнді
Естідім де,
Кеттім бір тебіреніп мен...
Қайталадың сен шырқап:
«Менің Жерім!»
Қайталадың,
Түрің жоқ кідіретін...
Қайталадың сан рет,
Ерінбедің –
Сездің әлде сол сөздің күдіретін...

О, ТУҒАН ЖЕР!

Марфуға Бектемірова

О, туған жер!
Күннен-күнге арта түсті қадірің,
Қадіріңді бір адамдай таныдым.
Саған келіп өксігімді бастым мен,
Мына өмірдің көріп талай тамұғын.
О, туған жер,
Қадіріңді таныдым.
Дәл өзіндей,
Жанашырдың жақсы екен болғаны,
Құшақ жайып қарсы алады,
Тауы, көлі, орманы.

Жалаңаяқ жүгірем кең далада баладай,
Табаныма қадалған тікеніңе қарамай.

ТАСҚЫНДАСЫН ТУҒАН ЕЛДІҢ ТАБЫСЫ

Гүлсана Тілеубекова

Кел, кел, төрлет, тау тағысы - Барысым,
Қазағымның бақыты мен бағы үшін.
Желтоқсанда жастарымыз бермеді,
Мұз жастанып елдің ерлік, намысын.

Кел,кел,Барыс,табалдырық аттаған,
Тәуелсіздік туын тіккен шақта бұл.
Біз білеміз қайратыңды қарымды,
Елемейтін таудың сілем ақ қарын.

Қазақ елі - ғажап елі атансын,
Болғаннан соң бәрімізге Отан шын.
Жастарымыз жат әдеттен арылып,
Ақ сақалды аталардан бата алсын.

Көңіл де кең,жеріміз де білгенге,
Дастарханын жайып тастар бір демде.
Қазақтарға шын қарыздар деп білем,
Жерімізді жұмақ тұтып жүргендер.

Кел,Барысым, құшақ жайып келе бер,
Табысыңды тасқындатып бере бер.
Барыс жылы табыс жылы болсын деп,
Тек жақсылық күтсін дәйім сенен.

Келші,әйтеуір, табысыңмен,Барысым,
Тасқындатып туған елдің табысын.
Барысымды арысым ғой деп білем,
Туған елдің жықпай тұғын намысын.

Дереккөзі: Bilim-all.kz



“Менің бойымда Елтеріс, Естемилер, Күл-Тегіндер заманындағы көшпенділердің қаны бар!”



Мұхтар Мағауин мен Әбіш Кекілбаев

**«Мына Мен – айбынды Ғұн,
ержүрек Түрік, кемеңгер Шыңғыс
хан, Асқақ Алтын Орда, оған
жалғас нұр шұғылалы Алаш әулеті
– бар ғұмыры жарыққа ұмтылған
арпалыс үстінде өткен Мұхтар
Мағауин – көзім жұмылған мезетте,
бұрнағы Алапат Бабаларым сияқты,
өлмес, өшпес, Мәңгілік Аруаққа
айналам! Иә!»**

Мұхтар Мағауин



Әбіш Кекілбаев:

*«Ертіс пен Жайыққа, Алатау мен Алтайға
бармаған адам қазақ жерін көрдім деп айта
алмайтыны сияқты, төл әдебиетіміздің
Мұхтар Мағауиндей кемел суреткерінің құнарлы
туындыларының тұнығы мен тұңғиығына
бойламаған адам қазақ елін, қазақ ұлтын білдім деп
айта алмасы хақ!»*

Тұрсын Жұртбай, жазушы, тарихшы:

*«Ол өзінің атын 26 жасында қазақ әдебиеті мен
руханиятының тарихына жазған адам. Бүгінгі
күнге дейінгі, «Жармаққа» дейінгі қазақ өмірінің
жылнамасын, шежіресін, рух тарихын қағазға
түсіріп кетті».*

**Смағұл Елубай, Қазақстанның халық
жазушысы:**

*«Мұхаң қашан әңгіме қозғасаң да, ағып тұрған
дариядай тарихтан, әдебиеттен, саясаттан мол
хабардар ерекше тұлға болатын. Әрбір онымен
кездескен сайын рухани байып шығатынбыз.
Мұхтар Мағауин халқы үшін еңбек етті. Халқының
жүрегіне жерленетін жазушы дегіміз келеді».*

МҰХТАР МАҒАУИННІҢ ҚАНАТТЫ СӨЗДЕРІ

*Жақсы адам жаман жазушы болуы мүмкін, бірақ жаман адам жақсы жазушы бола алмайды.

*Қазақтың қасиетін тану Абайды танудан басталмақ. Халқымыздың сөз өнерін зерделеу Абай тағылымын бағамдаудан байқалмақ. Абай – қазақ тарихындағы қайталанбас сом тұлға. Абай биігі – халқымыздың көркемдік ой-танымында ешкім жетпеген заңғар.

*Шыңғыс хан – адамзат тарихындағы ең ұлы тұлғалардың бірі, ал біз үшін мәңгілік мақтаныш. Егер Шыңғыс хан болмаса, қазақ деген халық та жаңа ұлыс құрамында

біржола ұйысып, үсті бейіш, асты кеніш осыншама ұлан-байтақ жердің бірден-бір қожасына айналып, бүгінгі күнге жете алмас еді.

*Әлбетте, кез келген елді, қандай жағдай болмасын, сол ұлысты мекендеп отырған жұрттар арасында татулық болуы керек. Бірақ бұл татулық жергілікті, байырғы жұрттың жалпыға ортақ құл болуы арқылы жүзеге асуы – ақылға сыймайтын жағдай.

*Бұл тәуелсіздік – бабаларымыздың соңғы екі жарым мың жыл бойы төгілген қанының төлеуі болатын, аталарымыздың соңғы жүз елу жыл бойы езілген жүрегінің лүпілі, жаншылған намысының серпіні, қапаста үзілген өмірінің қарымтасы болатын, құрсақта жатқан, жаңа ғана кіндігі кесілген, қаз тұрған, ендігі жылы, ендігі ғасыр, одан соңғы замандарда дүниеге келетін сәбилердің көз жасы болатын.

*Халықтың үлкендігі хан көтерген тұлғаларымен өлшенеді.

*Көп әрі сапалы жазу үшін, тым көп болмаса да біршама молға жету үшін осы мақсатта ғана жұмсалатын ұлан-ғайыр уақытың болуы керек. Өнер жолындағы адам үшін ең қат нәрсе - осы уақыт. Жиырма төрт сағат – жыл он екі ай бос болсаңыз да уақыт тапшылық етеді.

*Қырық жыл жазғанда көзімнің анық жеткені – шабыт деген жоқ нәрсе. Шабыт жоқ. Бап бар, машық бар. Бап – алаңсыз көңілге байланысты. Машық – күнделікті жұмысқа байланысты. "Ат шаппайды, бап шабады", - деген қазақ. Әрине, тұғыр емес, тұлпар. Бабы келіскен тұлпар бабы жоқ, өзі қатарлас, тіпті өзінен де жүйрік екінші күліктен оп-оңай озады. Өз мүмкіндігінің шегінде шабады. Өз мүмкіндігіңіздің шегінде жазу – сіздің бабыңызға ғана байланысты. Бес-он минут, бір сағат, жарым сағат, бес-он күн емес, айлар, жылдар бойы отырыс, тынымсыз еңбек нәтижесі. Машықсыз бап та жоқ. Шығарманың шеберлік деңгейі, қуат-күшін бағалайтын өзекті арқау жанды жүйе де осы машық пен бап болса керек.

Дереккөзі: nur.kz

МҰХТАР МҰҚАНҰЛЫ МАҒАУИН

1940 жылы 2 ақпанда Семей облысының Шұбартау ауданында туған. 1962 жылы Қазақ мемлекеттік университетінің филология факультетін, 1965 жылы аспирантурасын бітірген. Еңбек жолы 1965 жылдан басталады. «Қазақ әдебиеті» газетінде бөлім меңгерушісі, 1967 – 71 жылдары «Жазушы» баспасында бас редактордың орынбасары, Қазақ КСР Ғылым академиясының М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтында аға ғылыми қызметкер болып, сонымен қатар Мәскеуде М.Горький атындағы Әдебиет институтында қазақ фольклоры мен қазақ әдебиеті тарихы бойынша арнайы лекциялық курстар жүргізді. 1983 – 84 жылдары еркін шығармашылық жұмыста, 1984 – 86 жылдары «Жазушы» баспасының бас редакторы, 1987 жылы еркін шығармашылық жұмыста, 1988 – 2006 жылдары «Жұлдыз» журналының бас редакторы болды.

Баспасөз бетінде алғаш рет 1959 жылы көрінді. 60-жылдары негізінен әдебиет зерттеушісі ретінде танылды. Бұдан соңғы кезеңде көркем прозаға көбірек ден қойды. Шығармалары орыс тіліне аударылған, шетел тілдерінде басылған. Филология ғылымының кандидаты (1967). Қазақстан Жазушылар одағы Басқармасының хатшысы. «Аласапыран» тарихи роман-диалогиясы үшін

Қазақ КСР-інің Абай атындағы мемлекеттік сыйлығы берілді. Қазақстанның Халық жазушысы (1984). Түркияның халықаралық «Түрік дүниесіне қызмет» сыйлығының иегері (1997). «Тарлан» сыйлығының лауреаты (2002). Қазақстанның Құрметті жазушысы (2019).

Шығармалары: Қобыз сарыны. XV–XVIII ғасырларда жасаған қазақ ақын, жыраулары. Монография. А., «Жазушы», 1969; Көк мұнар. Роман. А., «Жазушы», 1972; Бір атаның балалары. Повестер мен әңгімелер. А., «Жалын», 1974; Көк кептер. Повестер мен әңгімелер. А., «Жазушы», 1979; Аласапыран. Тарихи роман. Бірінші кітап. А., «Жалын», 1983; Шоқан Шері. «Известия», 1993; Ғасырлар бедері. «Ер Дәулет», 1994; Мен. Роман-диалогия. «Ғауһар», 1998. Тасқа басылған қолжазбалар. «Қағанат», 1999; Шыңғыс ханның шарапаты. «Ильдан», 2003; Көк мұнар. Роман.



Рига. «Лиесма», 1981 (латыш тілінде); Гибель борзого. Повести и рассказы. М., «Советский писатель», 1978; М., «Русская речь», 2003; Поэты Казахстана. М., «Советский писатель», 1978; Змеиное лето. Повесть. М., «Советский писатель», 1984; Голубое марево. Роман, повести, рассказы. М., «Известия», 1985; Вешние снега. Роман-диалогия. М., «Советский писатель», 1990; Кобыз «колье». А., «Мектеп», 2003. Он үш томдық шығармалар жинағы. «Қағанат», 2002; Шыңғыс ханның шарапаты. А., 2003; Қобыз. «Колье». А., 2003;

2006 жылдың желтоқсанында елден біржола кетіп, Чех республикасында қоныстанды.

2007 - «Жармақ» романы.

2007-2008 - «Әрқилы әңгімелер», «Талайсыз әңгімелер» топтамалары.

2008, қараша - 2015, қараша - «Шыңғыс хан және оның заманы», тарихи деректі тетралогия.

2015, шілде - Америкаға түпкілікті қоныс аудару. Мэриленд штаты, әуелде Вашингтонға іргелес Роквилл кенті,

2017 жылдың соңынан бастап осы төңіректегі Силвер Спринг кенті.

2016-2017 - «Естеліктер кітабы»: «Ілияс аға Есенберлин», «Әбіш екеуіміз», және басқа жазбалар

2018 - «Естеліктер кітабының» жаңа тараулары.

2019 - Шығармаларының жиырма бес томдық «Толық жинағын» баспаға әзірлеу.

Дереккөзі: Qazaqstan.TV;
Abai.kz; Әдебиет порталы

Өлең өнеріндегі әл-Фараби қағидаты мен өлеңдеріне қысқаша талдау



Қыпшақ даласының жүрегі саналатын қасиетті өлке – Отырарда туып, Шаш, Самарқан, Бұқара, Мысыр Халеб, Бағдад шаһарларына білім іздеп сапар шеккен ғұламаның тіл мен өнерге қосқан үлесі қомақты. Түркі халықтарының аспаптарының негіздемешісі ретінде танылған алып тұлға – Әбу – Насыр әл – Фараби. Тірліктің әділ бағасын біліп, жетпістен астам тілді игерген ғұламның өлеңдері де өзгеше. Өлеңдеріндегі басты көркем бейне – ғұламаның өзі.

Тіршілікте құрыштай бол төзімді,
Сан мәртебе алдаса да өзіңді.
Тағдырыңды еш уақытта жазғырма,
Тіпті, кейде болса да әзәзіл азғырған, - дейтұғын өлең жолдарынан - ақ шалқар шабытты жанның өмірге деген таным-түсінігінің биіктігі мен теңеулі сөз қолданысы өз заманындағы ақындардың алдыңғы қатарында болғанына ешбір күмән қалдырмайды. «Теңеу де өз көркемдік дәрежесімен ерекшеленеді. Бұл зааттың – тақырыптың өзінен туындайды, теңеу дәл келе ме, жоқ жуықтай ма, немесе бір-бірімен тым алшақ екі заттың қосымша кейіптеу арқылы суреткерге тән тәсілмен ұқсастыру - әрбір ақынның шеберлігіне байланысты» деген пікірін әлі күнге не үшін өзекті? Өйткені, шырайлы сөздің бағасы кеміген жоқ.

Қазақта, «Теңеусіз сөз – төрге озбас» деген аталы сөз бар. Теңеу дегеніміз – көркемдеп суреттеушінің затты, құбылысты екінші зат, құбылыспен салыстырып бейнелеуі. Салыстыру үшін үлкен ой теңізінің тереңдігі ләзім. Салыстырудағы мақсат: сөзді тыңдаушыға ұғынықты хәм әсерлі ету. Адам сөйлеуді жылдар бойы дамытады. Ақыл - ойын арттырып толассыз еңбектенбесе, сөзбен тыңдаушысын таңқалдыра алмайды. Сөз қай ғасырда болмасын, маңызды құндылық. Сөзбен сана сергиді, жан рухтанады. Сөзбен адам тәрбиеленеді. Бос мағынасы мен мәні жоқ сөзден адам безеді. Өйткені, сөздің мәнсіздігі - ойдың мәнсіздігінен хабар береді. Мағынасы таяз айтылған сөз оқырманға еш азық бере алмайды.

Сөздің әуезділігі мен тереңдігінен ақынның деңгейі айқындалады. Әл-Фарабидің өлеңдерін ұзақ жылдар зерттеген Немат Келімбетов «Өлеңге деген парасатты қалыптастыру – Әл-Фарабидың негізгі асыл мұраты болғанын бізге жеткен өлеңдері нақтылайды. Философ болған соң әр өлеңінің өз идеясы бар. Идея болған да өлеңдерінен метонимия, синекдоха, қайталауларды кезіктіреміз» деген пікір білдіріп, дара тұлғаның әдебиетте қалдырған ізіне әділ бағасын береді.

Қағаздың түсіп бетіне,
Сызықтай бейне тартылған.
Тап болып, жігер сарқылған,
Кездейсоқ өмір өртіне,
Қайыспай тұрса нар тұлғаң, - деп теңеудің озық үлгісін оқырманына ұсынады.

Тамылжып бал тыныштық

Поэзия - ұлы өнер. Көңілдің төрін нұрға бөлеп, ой бағынан түлеген жарқын сезімдердің сөзге айналуын адам баласы ертеден - ақ асыл өнерге балап келеді. Ізденіп келеді. Өлең адамзатпен бірге дамып, әдебиет аталатын рухани қазына күн сайын жаңа жырлармен толығуда.

Өлең әлемі өркендеген соң оның ғылыми зерттелу жағы да өзектілігін жоймайды. Түбі бір түркі халықтарының барлығына тән арда қасиет – өлеңге құмарлық. Сөз өнерінің дамуына Ғылыми зерделеніп, өлеңнің формасы мен мазмұнына баға беріледі. Ұлы өнердің әліппесін зерделеушілердің бірден-бір ғылыми ізденісте темірқазық санап қолданатын ғылыми еңбек - Әбу-Насыр Әл-Фарабидің "Өлең өнерінің қағидалары туралы трактаты. Ислам дәуірі әдебиетінің дамуына үлкен бір серпіліс сыйлағаны айқын. 164 трактатының ішіндегі ең халық арасында жиі талқыланып, өлең шығаруға икемі бар азаматтардың сұранысына ие болған трактаттары - "Өлең және ұйқас туралы", "Поэзия өнерінің негіздері туралы трактат". Әуелі сөздің белгілі бір мағынаға ие болуына мән берген ғұлама поэзияның негізі - оймақтай ойлы ой мен сырлы сезімнің асыл сөзбен суретке айналуы екендігін түсіндіруге тырысады. Сөзді күрделендіріп, қисынсыз теңеулерді қолдануға өз қарсылығын трактаттарында бірнеше рет атап көрсетіп, философ араб пен парсы поэзиясы, грек поэзиясын жете зерттеуінде поэзия өнеріне байланысты үлкен тұжырымды ұсынады. Олар:

Трагедия, Дифирамбы, Комедия, Ямб, Драма, Эпос, Диаграмма, Сатира, Поэма, Эпика, Риторика, Амфигеноссос (космогония), Акустика.

Бұл өнердің негізгі жанрларына қысқаша түсіндірме береді. Трагедияның арнайы өлшемге ие болып, тыңдаушы мен айтушыға жан рахатын сыйлайтын поэзияның түрі ретінде пайымдайды. Грек поэзиясындағы трагедияның сипатының біршама өзгеше болғанын да ерекшелеп көрсетеді. Трагедиялық өлеңдердің патша өлгенде қайғылы сарында марқұмды жоқтауға арналатынын баяндаса, дифирамбы - трагедиядан екі есе артық өлшемге ие мақтауға, мадаққа құрылған белгілі бір оқиға құрылған ізгі істер суреттелсе, комедияның келеңсіз жайлар, жеке адам баласының қоғамға тұрпайы саналатын мінез құлқы сөзбен келемежделетін өнер түрі екенін ерекше екпінмен түсіндіреді. Ямб - жалпы қоғамға бетпе- бет келіп отырған жағымды-жағымсыз оқиғалар арқау болатын өзіндік өлшемі бар жыр түрі. Ямбтың қазіргі мақалдар сияқты ойы анық, жалпыға бірдей түсінікті берілетінін атай отырып, поэзия туралы сөз қозғағанда жиі ақындардың айтып жүргеніндей тайталас, ашу мен беймаза тұстарда ішкі жан толғанысын ортаға шығаруға мүмкіндік беретініне бірнеше дәлелдер келтіреді.

Бүгінгі күні де трагедиялық шығармалардың негізгі мазмұны - қайғы мен қасіретке құралып, адам өмірінің арпалысқа толы сәттерін суреттеу болса, драмалық өлеңдерге жеке есімдерге қатысты мақалдар мен қанатты сөздер, эпостық өлеңдерге басқа өлең түрлерінен қанық бояулы сөздер мен эмоциялық күшті күй сыйлайтын өлеңдер жатса, диаграмманы заң шығарушылар адам жанын күтетін бақытсыздық пен әділеттілік өлең арқауына айналса, эпика мен риторика - ел басқару мен заңның үстемдігі жырланатын өлең түрі болса, сатира - музыкантар ойынан туған сан алуан қимыл-қозғалысты қажет ететін әнге лайықталатын өлең, поэма - сұлулық пен тұрпайылық, жүйелілік пен жүйесіздікті толғайтын өлең, амфигеносос - жаратылыс ғылымдарын баяндайтын оқымыстылар баяндайтын өлеңдер, акустика - музыка өнеріне баулитын өлең түрі ретінде ғылыми түйіндеме ұсынады. Бұл ғылыми түйіндеменің маңызы сол - әрбір өлең түріне қысқаша мысалдар беруінде. Әрі ақындарды үш топқа бөледі. Әр топқа өзінше баға берген ғұлама, бойында табиғи дарын, өлең жазу мен оқуды да игеру, өзгелерге ұқсамайтын теңеулер құрумен бірге үнемі ізденістен айнымауы арқылы ғана ақын бола алатынын сөз етеді. Ақын идеяшыл болмаса, өлең толық жүректерге жол таппайды.

Әл-Фараби сөз өнері жақсы дамыған грек, шығыс халықтары әдебиетіне қарағанда арабтар өлеңдеріндегі бәйіттердің жазылу жайына үлкен мән береді. Бәйіт дегеніміз - араб өлеңдеріндегі екі жол.

Араб ақындары осы екі соңғы жағына баса назар салатынын айта келіп, араб бәйіттері белгілі өлшемдегі шектеулі сөздерінің әсерінен өз оқырманына оқилуға жеңіл болатынын баяндап, грек өлеңдері мен араб өлеңдерінің айырмашылығын талдап көрсетеді.

"Тағы біздің айтпағымыз, осы өнер иелері мен (ойды) безеуші суретшінің өнерінің арасында қандай да бір байланыс бар. Осы екеуінің өнеріндегі қаруы әртүрлі болғанымен де, түрде, жаратылыс һәм мақсаттарында бір-біріне сәйкес мақсаттарында бір-біріне деген сәйкестік, ұйқастық бар. Оның мәнісі мынада, өлең өрнегін безейтін нәрселер - сөздер болса, суретшілердің өнерін безейтін нәрсе - бояулар. Осылардың арасында айырмашылық бар, алайда екеуі де адамдардың қиялы мен сезімін бір мақсатқа - еліктеуге жетелейді", - деп өлеңнің басты шарты - сөзбен сурет салу екенін меңзейді. Сонымен бірге өнер еш уақытта жалқы жүрмейтінін бір-бірімен сабақтасу арқылы адамзатқа пайда беретіні жайлы өзекті де, өткір пікірін ортаға салады. Поэзиядағы суреткерлік - ақынның оқырманының көңілін тербеудегі басты кілт. Жай ғана адамның ғұмырын ағып жатқан өзенді бейнелеу арқылы жеткізуге де суреткерлік шеберлікке жатады.

Әл-Фараби өлең теориясын жете білуі арқасында тамаша өлеңдер жазып, өзінің ой кемелдігін, мөддір сезімнің иесі

болғанын жаһанға айғақтайды.

Қашықтасың, туған жер - қалың елім,
Не бір жүйрік болдырған жарау деген,
Шаршадым мен, қанатым талды менің,

Жолға сарылып қарауменен, - деп толғанған ақын жүректің толғанысынан бір ғұмыр бойғы сағыныштың азабы көрінеді. Бүгінгі ақындардың элегиялық өлеңдерімен өте ұқсас.

Кері оралмай жылдарым жатыр ағып,
Қасіреттің жасына көз жуынар.

О, жаратқан неткен көп ақымағың,

Құм секілді тез ысып, тез суынар, - деп азаматтық лириканың озық үлгісін жазып қалдырады. Осы Әл-Фарабидің өлеңі алаш арыстарының көбіне, Абайдың «Қалың елім қазағым», Ахмет Байтұрсынов пен Мағжан Жұмабаевтың тар қапаста жазған азаматтық лирикасымен тамырлас. Әмбебап ғұламаның өлеңдерінде шалыс ұйқас пен ерікті ұйқас жиі қолданылған. Жоғардағы өлеңдердің дені - кезекті ұйқас. Кезекті ұйқас - әлемдік поэзиядағы тармақтардың соңғы сөздеріндегі үндестіктің а, ә, б, ә болып кезектесіп келуі. Кезекті ұйқас қазақ өлеңіндегі сегіз ұйқастың бірі болып табылады. Ерікті ұйқас - а,ә, б,б, в, в,г, ә,д,ж,г болып соңғы тармақтардың ерікті түрде үндесіп келуі. Ұйқастың мықтылығы - өлеңдегі айтар ойдың әсерлі хәм нақты жетуінің кепілі. Өлеңді жанына серік еткен ақын жанды халқымыз үшін Әбу Насыр Әл-Фараби қай кезде де ардақты. Осынау ғазиз дүниеге ілім нұрын шашып, соңына өлмес еңбектер қалдырған тұлғаның өлең өлкесіне қосқан еңбегін зерделеу дегеніміз - өлеңге хәм ақынға деген құрметімізді арттырады. Сөз құдіретіне өмірі өлеңнен тұратын халықтың өкілі ретінде тағы бір мәрте тағзым етуге жетелейді. Ғазиз жүректен туған өлеңдер арқылы өмір нұрланады, жан қуаттанады. Бұл - өлеңді өмірдей сүйген ұлы данышпанның адамзатқа қалдырған аманаты. Аманатты ақтау - бүгінгі ұрпақ бізге парыз!



ТОПАНБАЙ Мейірхан Мейрамбекұлы,
Түлкібас аудандық орталықтандырылған
кітапханалар жүйесіне қарасты Тастұмсық
ауылдық кітапханасының кітапханашысы,
Ф.ғ.к.аға оқытушы Қайырбекова Ұ. С.
Ә. Қуатбеков атындағы Халықтар достығы
университетінің "қазақ тілі мен әдебиеті"
білім бағдарламасының магистранты

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Фараби ББК 83/ .Өлең қағидаты – Алматы: 2001.
«Жеті жарғы» баспасы 68- б.
2. Келімбетов Немат ББК 83/ Түркі халықтарының
ежелгі әдеби жәдігерліктері. – Алматы: «Рарирет»баспа
компаниясы, 2019.250-б.

Робототехникадан әлем чемпионатының алтын жүлдегері

алматылық оқушы Айви Лигасына
кіретін университеттен шақырту алды

17 жастағы Назарбаев зияткерлік мектебінің оқушысы Иманәлі Көксал Пенсильвания университетінде тегін оқуға мүмкіндік алды. Бұған оның оқудағы жетістігі мен робототехникаға деген құштарлығы себеп болды - деп хабарлайды ҚР Оқу-ағарту министрлігінің баспасөз қызметі.

Иманәлінің робототехникаға деген қызығушылығы 7-сыныпта басталған. Ал халықаралық First Global Challenge (FGC) байқауына қатысуы оның бұл құштарлығын еселей түскен.

«Сингапурдағы FGC 2023-те инженер болудан бөлек, матчтар кезінде жүргізуші болдым және роботты басқардым. Бұл стресске төзімділікті қажет етеді. Жарыста 194 елдің арасында өнер



көрсетіп, бірінші орын алдық. Бұл команданың ауызбіршілігі және табандылығы мен еңбек етуінің нәтижесі екенін көрсеттік», - деді Иманәлі.

Дәл сол уақытта Қазақстан құрамасы робототехника бойынша екінші рет әлем чемпионы атанды. Дарынды оқушы инновациялық жобаларды әзірлеумен де белсенді айналысады. Мәселен, ол есту қабілеті нашар адамдарға арналған ақылды сағат жасап шығарды.

«Бұл сағат есту қабілеті нашар адамдарға вибрация арқылы күмәнді немесе қауіпті дыбыстар туралы ескертеді. Мен мұқтаж адамдардың өмірін жақсартатын технологияны жасағанымды мақтан тұтамын», - дейді 17 жастағы чемпион.

Иманәлі болашақта Қазақстанның технологиясы мен экономикасын дамытуға үлес қосқысы келеді. Сондықтан Пенсильвания университетін таңдағанын айтады.

«Wharton School бизнес мектебі әлемде бірінші орында болғандықтан осы университетті таңдадым. Университет тек білім беріп қана қоймай, студенттердің әлеуметтік өмірін дамытады, бұл мен үшін өте маңызды. Мен алған білімімді өз елімнің дамуына жұмсау үшін еліме қайтып оралуды жоспарлап отырмын. Менің оқиғам жастарды өз армандарына ұмтылуға және ешқашан берілмеуге шабыттандырады деп үміттенемін», - деп қорытындылады оқушы.



«Қарлығаш» фильмі тағы бір фестиваль жүлдесіне ие болды

Qazaqstan” РТРК” АҚ-ның қолдауымен түсірілген «Қарлығаш» (Swallow) деректі фильмі MEI (Үндістан) және Excellence (АҚШ) кинофестивалдерінде жоғары халықаралық марапаттарға ие болды. MEI кино бәсекесінде «Үздік деректі фильм», «Үздік операторлық жұмыс», «Үздік режиссура», «Үздік продюсерлік жұмыс» және «Үздік музыкалық деректі фильм» санаты бойынша Сертификаттарды иеленді. Нью-Йорктегі WRPN Women’s International Film Festival халықаралық бәйгесінде топ жарған «Қарлығаш» (Swallow) деректі фильмі жаһандық маңыздылығы мен тақырыбының тереңдігін айшықтай түсті.



Фильм авторларымен алғашқы жеңісті кездесу өткен жылғы желтоқсан айында өткізілген болатын. Сол кезде фильмнің сценарий авторы, канадалық режиссер Марина Десяткина, қоюшы-операторы Валера Дегтярев пен Алматы филиалының қызметкерлері - бейнемонтажер Қуаныш Сәнгерей, телеоператор Сағындық Тұрлыбек, дыбыс режиссері Нұрсұлтан Төлегенов пен аударма авторы, ақын Дәурен Берікқажыұлын жеңісімен құттықтап шығармашылық табыс тілеген едік. Бүгін біздің “ҚАРЛЫҒАШЫМЫЗ” тағы бір фестиваль жүлдесін жеңіп алып кеп отыр. “ҮЗДІК ОПЕРАТОРЛЫҚ ЖҰМЫС” номинациясын Лондон “2024 Edition Cinematography & Photography Awards” фестивалінен иеленіп, бізді тағы бір қуанышқа бөледі.

Осы орайда фильмнің қоюшы-операторы

Валера Дегтяревті Алматы филиалының операторларымен, шығармашылық тобымен кездесуге шақырып, тәжірибесімен бөлісіп, мастер-класс өткізуіне қолқа салдық. Өтінішімізді қабылдаған фильмнің сценарий авторы, продюсер, канадалық режиссер Марина Десяткина мен қоюшы-операторына және фильмнің басты кейіпкері - Қазақ телевизиясының ардақты ардагері, режиссер, “Айгүл” ансамблінің әншісі, ҚР Мәдениет қайраткері, “Құрмет” орденінің иегері Қарлығаш Мұртазинаға мың да бір рақмет!

Сәуле ЖИРЕНШИНА,
Qazaqstan” РТРК” АҚ
Алматы филиалының директоры.
Қазақстан Республикасы
«Мәдениет қайраткері»

«Әлем математика тілімен бейнеленген»

Бұл итальян философы әрі математигі Галилео Галилейдің математика туралы айтқан нақыл сөзі. Әлем – кеңістікте басталған өмір математикамен есептелген. Бір жыл, екі жыл деп жылдар жылысып ғасырға, ғасырларға, мыңжылдықтарға ұласады. Математика – адам өмірі. Біздің дәуірімізге дейін, ежелден, біздің дәуіріміздің басталғанын тарихта сол кезеңнің жылдары жазылған. Сол кезеңде өмір сүрген адамдардың туған және дүниеден өткен жылдары, оқиғалар тізбегінің жылдары көрсетіледі. Бұлар сандардан құралады. Сан дегеніміз – математикалық есепке құрылған. Күнтізбеге назар аударсақ, күннен басталады, 7 күн бір аптаны құрайды. Төрт апта бір ай болып есептеледі. Кейбір айларда бес апта болып келеді. 12 ай бір жыл. Уақыт өлшемдеріне келсек, секунд, минут, сағат. 60 секунд – 1 минут, 60 минут бір сағат, ал 24 сағат бір тәулік.

Жылдың 4 мезгілі бар: қыс, көктем, жаз, күз. Әр мезгіл 3 айдан тұрады. Әр айдың бір күнінде атаулы мерекелер белгіленген. Қазақстан Республикасында аталып өтетін мерекелер белгілі бір күнге белгіленсе, ол да санмен жазылған. Айталық, 1 – қаңтар Жаңа жылдың алғашқы күні, 8 – наурыз Аналар мейрамы, 14 наурыз Амал күні, 22 – наурыз Ұлттық мерекеміз Наурыз. Математика – ірі өндіріс орындарының, ауыл шаруашылығы салаларының толып жатқан есептері. Математика – сауда. Математика – спорт. Доп, спорттық құрал – жабдықтар математикалық пішіндерге негізделіп жасалған.

Ұстаздық тәжірибемде тарихи деректерді, математика тарихын, ұлы математиктердің қалай танымал болғандығы туралы айтып отырамын. Аталған мәліметтерді, адамдардың айтқан даналық сөздерін компьютер арқылы интерактивті тақтаны пайдаланып, көрсетемін. Математика тақырыптарының өзі түсіне білген оқушыны қызықтыра түседі. Математикалық тіл, математикалық модель, сандық және математикалық өрнектер, бір айналмалы сызықты теңдеу, теңдеу, үлес, көп таңбалы сандар, санның квадраты, математикалық өлшем, түбір, басқа да тақырыптардың өмірімізде алатын орны ерекше. Математика – кез келген мамандықпен байланысты. Аспаздың өзі күнделікті ас мәзірін жасағанда тамақты дайындау

үшін қанша мөлшерде азық-түлік пайдаланатынын есептейді. Есебі дұрыс емес адам кәсібі саласында болсын, сауда жасағанда болсын ұтылып, шығынданады.

Математика туралы қызықты деректер оқушының жадында сақталуы үшін әр балаға жеке-жеке тақырыпты зерттеп, соның негізінде пікір қалыптастыруға баулу – ұстаздық етудегі мақсаттарымыздың бірі. 1557 жылы теңдік белгісін қолдана бастаған Роберт Рекорд болды. Математикалық еңбектерді тіпті Наполеон Бонапарт жазған. Саусақтар мен тастар алғашқы есептеу құрылғылары болып саналды. Саусақтармен санау – менталды математиканың негізі деуге болады. Әлемдегі ең үлкен Сан – центилион. Бізге таныс алғашқы қосу және азайту белгілері шамамен 520 жыл бұрын Ян Видман жазған "Алгебра ережелері" кітабында сипатталған. Қазақтар 7 санын киелі деп санайды. Математиканың арқасында галстукті 177147 тәсілмен байлауға болатыны белгілі. Әлемдік математика күні бар.

Математика адамзаттың жара-тылысты тануында, мемлекеттердің ғылыми дамуында Қазақстанда математика жақсы дамыған ғылымдар санатында. Елімізде бұл ғылымның дамуына көп еңбек сіңірген Әлімхан Ермеков, Жәутіков Ахметбек Орымбекұлы, Калменов Тынысбек Шәріпұлы, Төлеубай Ыдырысұлы Аманов, Уалбай Өмірбаев, Мұхтарбай Өтелбаев, Асқар Жұмаділдаевтай ғалымдардың есімін мақтанышпен атап, оқушыларға айтып отырамын. Математика – теңдеулер мен формулалар, ұғымдар мен теорема ғана емес, оны білуге құштарлық, нәтижеге жетуге деген ынта болмаса жаңалық тауып, жетістікке жету мүмкін емес. Жетістік – тынбай еңбектенуге, бастаған ісіне сүйіспеншілікпен қарауға байланысты. Оқушылар да өткен тақырыптарды жақсы меңгеруге ұмтылып, тереңіне бойласа, ертең өмірде адаспай, мақсаттарын орындауға ұмтылады.

КИЯТОВА Кәмшат Бектургановна,
Алматы қаласы, №15 гимназия директорының
оқу ісі – жөніндегі орынбасары.
Математика пәнінің мұғалімі.



Сұлтан Қалиев ЖАҢАРҒАН ҚАЗАҚ ЕЛІ

ҚАЗАҚСТАН – БІРЛІК ПЕН БЕЙБІТШІЛІК МЕКЕНІ!



АТА ӨСИЕТІ

Тәуелсіздік – төрінде,
Нұр құяды көңілге.
О, жас ұлан,
Еліңнің
Ертеңі үшін ерінбе!
Озат оқып, білім ал
Саналылар ұғынар.
Жастайынан білімді
Болып өскен ұлылар.
Серік Әкірамұлы

ҚЫРАНЫҢА АЙНАЛАМ

Атырау-Алтай аймағым,
Астанам, сенсің айбарым.
Желбіретемін әлемде,
Қазақтың көк байрағын.
Ырысқа тұнған бай далам,
Көз тұндырып жайнаған.
Алтын күннің астында,
Қыраныңа мен айналам.
Дәстүрін бабам ұғындым,
Келеді шыңға ту ілгім.
Орман болған жұртыма,
Қорған болар ұлыңмын.

Тәуелсіздік – біздің еліміз үшін ең қымбат құндылық. 1991 жылы 16 желтоқсан күні Қазақстан өз тәуелсіздігін жариялап, егемен ел атанды. Бұл күн – халқымыздың арманы орындалған ерекше күн. Тәуелсіздік бізге онай келген жоқ, ата – бабаларымыз елін қорғап, жерін сақтау үшін талай ерлік көрсетті. Олар бізге бейбіт өмір мен кең байтақ жерді аманат етіп қалдырды. Әрбір азамат елінің тәуелсіздігін қадірлеп, өз бойында ұлттық рухты ұлықтауы тиіс.

Бүгінде Қазақстан – Бірлік пен бейбітшіліктің мекені. Әлем алдында татулықтың, достықтың, үлгісін көрсетіп отырған мемлекет. Біз – бір шаңырақ астында көптеген ұлт пен ұлысты біріктірген ұлы елміз. Бұл – ата – бабаларымыздың асқан ерлігі мен рухани мұрасының жемісі. Бұл күнге жету үшін халқымыз талай зұлматты, аштықты, соғысты және бодандықты бастан өткерді.

«Тәуелсіздік – бақытым да, барым да,
Жыр жазамын, жырлаймын ол жайында.
Жаратқаннан тілеймін, тәу етіп –
Қазағымды еркіндіктен айырма!»

Темір Мыңжас

Бабаларымыздың қайтпас қайсар рухы мен азаттыққа деген шексіз ұмтылысы бізге бейбіт өмір сыйлады.

Мен тәуелсіз елдің азаматы болғанымды мақтан тұтамын. Бұл маған тек құқық ғана емес, сонымен қатар үлкен жауапкершілік жүктейді. Әрбіріміз өзімізді рухани бай, білімді, намысты азамат ретінде тәрбиелей білсек, еліміздің болашағы да жарқын болады деп сенемін. Біз тәуелсіз елдің ұрпақтары осы тәуелсіздігімізді сақтап қана қоймай, оны дамыту үшін аянбай еңбек етуіміз керек. Бұл – біздің бүгінгі және келер ұрпақ алдындағы міндетіміз. Тәуелсіздік – ұлттың рухы, жүрегі, намысы. Оны сақтау – әр қазақтың қасиеті борышы.



**СҮНДЕТҚАЛИ Инабат,
10 «А» сынып оқушысы.**

**Жетекшісі: СИСЕКЕШЕВА А.М.
№42 «Ақ ниет» гимназиясының
тарих және құқық
пәндерінің мұғалімі.
Батыс Қазақстан облысы,
Орал қаласы**

**ТОҚАЕВ Қасым-Жомарт Кемелұлы,
Қазақстан Республикасының Президенті.**

«Біз заң мен тәртіп, білім мен парасат үстемдік ететін қоғам құруымыз керек. Азаматтары, әсіресе жастары мәдениетті, жаңашыл әрі жасампаз ұлттың ұнайы түгел. Сондықтан біз өркениетті ел болуға кедергі жасайтын жағымсыз әдеттерден арылуымыз керек.

Тағы да қайталап айтамын: біздің қоғамымызда заң мен тәртіп үстемдік құруға тиіс. Бұл – бүкіл қоғамның және әр адамның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қатысты ең басты талап. Біз сонда ғана Әділетті, Таза және Қауіпсіз Қазақстанды құра аламыз.»

**(Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың
«Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм»
атты Қазақстан халқына Жолдауынан.)**

ЗАҢ ЖӘНЕ ТӘРТІП

Қазақстан Республикасының Ата Заңы – Конституциямызда адам құқықтары нақты шегенделген. Ата заңымыз 9 бөлім, 98 – баптан тұрса, оның II – бөлімінің 30 бабы құқыққа арналғанын оқушыларымызға үнемі айтып келеміз. Конституцияның 17-бабында: «1. Адамның қадір-қасиетіне қол сұғылмайды. 2. Ешкімді азаптауға, оған зорлық-зомбылық жасауға, басқадай қатыгездік немесе адамдық қадір-қасиетін қорлайтындай жәбір көрсетуге не жазалауға болмайды.», - деп тайға таңба басқандай көрсетілген. Адам құқықтарының сақталуы мен әр бала өзінің құқығын білуді үйрету, заңсыз әрекеттерге бармауына жол көрсету – ұстаздардың білім беру мен тәрбиедегі негізгі міндеттерінің бірінен саналады. Оқушы мектепте сабақ кезінде, сабақтан тыс уақытта ата-анасымен бірге болады.

Алматы қаласы, №10 мектеп – интернаты ұстаздары оқушыларымыздың тәртіп сақтап, бір-біріне әлімжеттік жасамауына, құқық бұзышылыққа бармауын жіті қадағалап келеді. Бұл ретте жауапкершіліктің басым бөлігі тәрбиешілерге жүктеледі. Сол себепті, интернат тәрбиеленушілері арасында Заң және тәртіп тақырыбында әңгімелер, дөңгелек үстел, дебат, пікірсайыс сабақтары, сұрақ-жауап сағаттарын өткізу арқылы оларға құқықтық тәрбие бере отырып, шәкірттерге бұзақылық пен қылмыстың алдын алуды үйретеміз. Тапсырмалар береміз. Тапсырманы орындау барысында оқушылар бірқатар деректерді оқиды. Ойын суретке салады. Берілген тапсырма арқылы құқықтық сауаты ашылады, тіл байлығы артады, шығармашылық қабілеті дамиды. Ойын ашық жеткізіп, әр баланың, ересектердің ойланбай, ашумен немесе қасақана жасаған әрекеттерінің салдары қандай болатынымен бөлісе алады.

Өткен аптада 5-6 сынып оқушылар арасында өткен «Заң және тәртіп» атты дөңгелек үстел өткізіп, балалар

арасында құқық бұзушылықтың алдын алу мәселесі талқыланды. Оқушылардың пікірлерін, ойларын тыңдап, заң – әділеттілік пен тәртіптің тұғыры, заң мен тәртіп – тыныштықтың, яғни адам өмір сүруінің кепілі екенін баспасөз беттерінде жарияланған дүниелер, арнайы дайындалған слайдтар, бейнефильм көрсетілді. Бүгінде,

жасы кәмелетке толмаған балалар арасында бір-біріне әлімжеттік жасау, өз-өзіне қол жұмсау, ұрлық жасау, ойланбастан биік үйлерден құлай салу – үйреншікті әдетке айнала бастағаны әрбір ата-ана, ұстаздың жанына батып, қоғамды ойландыратын оқиғалар. Дөңгелек үстел барысында 5-6 сынып оқушылары:

– Бап; Құқық дегеніміз не? Құқықтың ерекшеліктері; Құқықтық нормалар; Қылмыстық кодекс; Жаза түрлері; Жасөспірімдердің қылмыстық жауапкершілігі – деген ұғымдармен танысып, қысқаша жауап алды.

Халық қаһарманы Бауыржан Момышұлы атамыз «Тәртіпсіз ел болмайды, тәртіпке бағынған құл болмайды», - деп қалдырған өсиеті оқушыларымыздың жадында өшпейтін ұран болып қала бермек. Заңға бағынбай тәртіпті сақтамаған жасөспірімнің әр әрекеті, ең алдымен ата-анасының көпшілік, ұжымы алдында абыройын төгетінін, ұятқа қалдыратынын, өз ортасының да балаға деген көзқарасының өзгертетінін, отбасына үлкен материалдық шығын әкелетінін, онымен тоқтамай құқық бұзушылық әрекеттерін жалғастыра берсе, сот арқылы жазаға тартылатынын,

осылайша өз өміріне өзі балта шабатынын бір шарамен тоқтатып қалмай, одан жалғастыра бермекпіз.

**КУЛБАЕВА Кулзира Есимовна,
БАЙБОРИНОВА Гулнар Жанысбаевна,
Алматы қаласы №10 мектеп-интернаты**



«Рақмет саған, Әліппе!»



Әліппемен қоштасу ертеңгілігі.

Мақсаты: Оқушылардың әліппеден алған білімдерін ортаға салу. Оқушыларды ана тілі оқулығымен таныстыру және өзін-өзі басқаруға үйрету.

Көрнекіліктер: Шарлармен безендіру, нақыл сөздер.

Жүргізуші мұғалім:

-Құрметті ата-аналар, ұстаздар және оқушылар! Бүгінгі «Рақмет саған, Әліппе!» атты мерекемізге қош келдіңіздер! Осыдан 4 ай бұрын мектеп табалдырығын қысыла да қызыға аттаған бірі отбасының тұңғышы, бірі кенжесі, ата-әжесінің сүйікті де еркесі болып жүрген ұл-қыздарымыз, өздерінің ең алғашқы оқулығы болған Әліппемен бүгін қоштасқылы отыр.

-Ендеше, кішкентай бүлдіршіндеріңіздің білім өлкесіне қарай басқан алғашқы қадамдары құтты болсын! Сонымен «Рақмет саған, Әліппе!» атты ертеңгілігіміздің кейіпкерлерін І «А» сынып оқушыларына қол соғып, қошемет көрсетейік.

Мұғалім: Балалар, мен сендерге бір сұрақ қояйын....

Іші толған әріпке,

Білімдегі жарық не ?

Оқушылар: Ол сүйікті Әліппе!.

Әліппе: Балалар біздің әліппеге арналған өлең жолдарын айтып берейік:

Ән: «Рақмет саған, Әліппе» Орындайтын қыздар тобы

Мұғалім: Әліппе туралы ертегі тыңдау.

Мұғалім:

- Рақмет, балалар! Міне, біз әліппені аяқтадық. Осы оқулықтан біз өз Отанымыз туралы көп оқып білдік. Ендігі кезекте Отанымыз туралы білгенімізді ортаға салайық.

- Балалар, біздің Отанымыз қай мемлекет?

- Біздің елбасымыз кім?

- Біздің еліміздің елордасы қай қала?

- Рәміздерді білесің бе?

- Ендеше Отан туралы қандай әндер, өлеңдер үйрендік, соны ортаға салайық.

Отан туралы өлең жолдары

Ән: «Қазақстаным Отаным» Орындайтын хор

Әліппе: Біз бүгін шексіз қуаныштымыз, өйткені алғаш хат танытып, сауатымызды ашқан. Көп нәрсені – кітап оқуды, өлең жаттауды, ән айтуды, сурет салуды үйрендік. Осы үшін ұстаздарымызға көп рақмет!

Ән: « Ұстаз деген асыл жан» Осы ән барлық ұстаздарға арналады

Әліппе: Менің сендермен қоштасатын уақытым таяп қалды. Сендерге де рақмет балалар! Өздеріндей тәртіпті, оқуға ынталы балалардың талабына қуанамын. Енді білімдерінді жалғастырып, әрі қарай білімді болу үшін Ана тілі кітабымен таныстырайын. Ана тілі, мында келші!

Ана тілі:

Сәлеметсіздер ме балалар?

Туған елдің тілімін

Ақылыммен танылам.

Түсіндірер бәріне

Ана тілі мен болам.

Балалар, енді бұрынғыдан да көп оқитын боласыңдар. Ынта қойып оқысандар көп нәрсеге үйренесіңдер.

Мұғалім: Жарайсыңдар балалар! Сіздер бүгін әліппеден алған білімдерін ортаға салдыңыздар – әліппеге өз алғыстарыңды айтып, әндерін арнадыңыздар. Енді әліппеге арналған биімізді тамашалаңыздар.

Би : «Менің атым, Әліппе!»

Ой ұшқырлығына құрылған есептер

Үнді биі

Мұғалім:

Осымен «Рақмет саған, Әліппе!» ертеңгілігіміз аяқталып келеді! Балаларды бүгінгі мерекелерімен құттықтау.

Қуәлікті тапсыру..



БУКАЕВА Эльвира
Сауданбековна,
Алматы облысы,
Еңбекшіқазақ ауданы,
«Еңбек орта мектебі-
Өрнек бастауыш
мектебімен» КММ
бастауыш сынып
мұғалімі

«Айналдым күдіретіннен, Қазақ тілім!»

ТОҚАЕВ Қасым-Жомарт Кемелұлы,
Қазақстан Республикасының Президенті:

«Қазақтың тілі – қазақтың жаны! Халқымыздың тарихы да, тағдыры да – тілінде. Мәдениеті мен әдебиеті де, ділі мен діні де – тілінде. В.Радлов айтқандай, қазақ тілі – ең таза әрі бай тілдің бірі. Тіл өткен тарихпен ғана емес, бүгін мен болашақты байланыстыратын құрал. Меніңше, тілдің тұғыры да, тағдыры да бесіктен, отбасынан басталады. Отбасында ана тілінде сөйлеп өскен бүлдіршіннің тілге деген ықыласы терең, құрметі биік болады».

Мемлекет басшысы қазақ тілін ғылым мен техника тіліне айналдыруды тапсырды. Бұл міндеттің орындалуы мектеп мұғалімдеріне жүктелген жауапкершілік.

Туған тіліміз - Ана тілі туралы ойымды ақын Абдрахман Асылбек ағамыздың «Қазақ тілі» өлеңінің жолынан ала отырып, шәкірттерге қазақ тілі мен әдебиетін оқытудағы тәжірибеммен бөліспек ниеттемін. Тәуелсіз мемлекетіміздің Ата Заңында «Қазақ тілі – Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі», - деп тұғырлап жазылған. Сол себепті, отбасында, мектепте, қоғамдық орында қазақ баласы қазақ тілінде сөйлеуге міндетті. Алайда, кейінгі кезде балаларды айтпағанда, үлкендеріміздің өзі шолақ қайырып, телефондағы суреттермен сөйлеуге көшіп алған. Әрине, олардың бұл әркетін сөгіп тұрған жоқпын, сөйлеу құралында қандай әдісті пайдаланаса да өз еркі. Алайда, соңымыздан еріп келе жатқан жас ұрпақ – ұл-қыздарымыз бар екенін ұмытпаса екен деймін.

Жаңалыққа ұмтылу қажет. Заман талабы. Соған қарамастан, халқымыздың ғасырлардан бүгінге жеткен мұрасы, құндылығы – Ана тілін қорғап, ана тілінде сөйлеу парызымыз. Мемлекетіміз қазақ тілін қастерлеп, қорғап келеді. Үлкен – кіші ана тілін құрметтеуі – ана тілінде таза сөйлеп, сөздік қорымыздағы әрбір сөзді бұрмаламай, таза қалпында сақтап қалуға міндеттіміз. Ресми деректерге сүйенсек, Қазақ тілі – әлемдегі сөздік қоры 2,5 миллион сөзден тұратын ең бай тіл. «Әлем тілдерінің ішінен тек үш тілдің ұлылығын мойындадым. Ол – орыс, француз және қазақ тілі», - деп шығыстанушы-түрколог В.Радлов XIX ғасырдың өзінде айтып кеткен. Қазақ тіліндегі бірінші жазба ескерткіштер 5-6 ғасырларда түркі руникалық жазуында жазылған. Қазақ тілі ертеде руналық жазумен танылса, кейінірек араб әліпбиіне ауысып, ол 1929 жылға дейін қолданыста болған. 1929-1940 жылдар аралығында – латын графикасы, ал 1940 жылдан бүгінгі күнге дейін кириллица пайдаланылуда. 1807 жылы қазақ тілінде тұңғыш кітап – «Сейфіл-Мәлік» поэмасы басылған.



Қазақ тілінің жоғарыда аталған екі үлкен саласын меңгере білген оқушы ауызекі сөйлеуде де, жазуда да сауатты болады. Мен оқушыларымның көркем сөйлеп, сауатты жазуы үшін олармен көп жұмыс істеймін. Тапсырмалар арқылы оқушылардың тіл байлығының молаюына көркем әдебиетті оқып, мазмұнын қысқаша айтып беру, оқыған шығармасы бойынша эссе жазу, ақындардың өлеңдерін жатқа айту, еркін тақырыпқа суреттеме жазу, немесе әңгіме құрау әр баланың ойын ширатып, ана тіліміздің күдіретін жандүниесімен сезініп, құрметтуге, қазақ тіліне жанашыр болуға жетелейді.

Қазіргі кезде күнде тұрмысымыздың ажырамас бөлігіне айналып келе жатқан жаңа технологиялар жетістіктерінің адам өміріне пайдасы да, зияны да бар. Зияны – балалар қай жаста болмасын қолындағы қымбат смартфондағы сайттарға кедергісіз кіріп, өзіне қажет емес дүниелерге қызығып уақытының кетіруі. Одан баланы арылтудың жолдарын ата-ана мен мектеп, ұстаздар бірлесіп іздеуі қажет. Айтып, шағымданғаннан пайда жоқ, ата-ана ұл-қызынан үйге берген тапсырмалардың орындалғанын қадағалап, өздері де бала жанында телефонды пайдаланбаса, олармен ана тілінде сөйлесе, Ана тілінің бүгіні де, болашағы да жарқын болатыны сөзсіз.



ЖАҚАН Гүлім Өкенқызы,
Алматы қаласы, №15 гимназия
Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі.
Кейбір мәліметтер ашық дереккөзінен алынды.

«АДАМ ӨЗ ҚҰҚЫҚТАРЫН НЕ ҮШІН БІЛУ КЕРЕК?»


«Бізге көп нәрсе беріледі және бізден көп нәрсе күтіледі. Бізде басқа адамдар алдында және өз алдымызда міндеттер бар және осы міндеттердің ешқайсысын елемеге құқығымыз жоқ».

Теодор Рузвельт

Адам құқықтары – бұл әрбір адамның туылғаннан бастап иеленетін, мемлекет тарапынан қорғалатын және қамтамасыз етілетін негізгі құқықтары мен бостандықтары. Адам құқықтарын білу және оларды қорғау тек жеке тұлғаның ғана емес, қоғамның да дамуына ықпал етеді. Бүгінде құқықтарымызды білу және түсіну – қоғамның әрбір мүшесі үшін маңызды міндет. Әрбір адам өзінің құқықтарын түсініп, оларды қорғау үшін қажетті қадамдарды жасаған кезде, мемлекетте және қоғамда әділеттілік пен құқықтық тәртіп орнығады. Құқықтық сауаттылық қоғамның жалпы дамуы үшін өте маңызды, себебі ол азаматтардың өз құқықтарын пайдалану мүмкіндігін кеңейтеді және әлеуметтік әділеттіліктің қалыптасуына жол ашады. Менің ойымша, адам құқықтарын білу, оларды қорғау және жүзеге асыру – әрбір азаматтың жауапкершілігі.

Адам құқықтарын білу үшін ең басты әрекет — бұл заңдарға көзқарасымызды өзгерту. Құқықтық мәдениет дамыған қоғамда адамдар заңдарды түсініп, оларды құрметтей отырып, әрқашан әділетті шешімдер қабылдауға тырысады. Қазақстан Республикасының Конституциясы азаматтардың негізгі құқықтарын қорғауға бағытталған маңызды құжат болғанымен, көп жағдайда халық арасында оның мазмұнын терең түсіну деңгейі әлі де жеткіліксіз. Осы себепті, құқықтық білім беру бағдарламалары, әсіресе жастар арасында, кеңінен жүргізілуі керек. Бұл бағдарлама аясында адамдарға тек заңдар мен ережелерді үйретіп қана қоймай, оларды өмірде қолдануға дағдыландыру қажет. Бүгінде интернет, кітаптар, мақалалар мен зерттеулер арқылы адам құқықтары туралы көптеген мәліметтер алуға болады. Мысалы, БҰҰ-ның «Адам құқықтары жөніндегі жалпы декларациясы», Конституция, құқық қорғау ұйымдарының баяндамалары – бұлардың барлығы адам құқықтарын зерттеуге арналған маңызды дереккөздер. Меніңше, әрбір оқушы мектепте құқық пәнін оқып, адам құқықтары туралы білімдерін тереңдетіп, Қазақстан халықаралық құқықты ескере отырып, адам құқықтарын қорғау үшін көп жұмыс атқарып келеді, бірақ осы бағыттағы білімді арттыру қажет.

Мектепте, колледжде немесе университетте құқық пәндерін оқу, құқық қорғау органдарының ұйымдастырған семинарларына, тренингтеріне қатысу – құқықтық білімді арттыруға мүмкіндік береді. Мысалы, мен өзім құқық қорғау ұйымдарының вебинарларына қатысып, құқықтық курстардан өткенде, өз құқықтарым туралы көп нәрсе білдім. Бұл менің құқықтық сауаттылығымды арттыруға көмектесті. Сондықтан, мен әрбір оқушыға құқықтық білім алуға кеңес беремін.



Сондай-ақ, құқықтық мәдениетті қалыптастыру қажет. Құқықтық мәдениет – бұл азаматтардың құқықтары мен міндеттерін, заңдарды, құқықтық нормаларды білу және оларды құрметтеу. Отбасында, мектепте, қоғамда құқықтық тәрбие беру маңызды. Ата-аналар мен мұғалімдер балаларға құқықтық білім беріп, оларды құқықтары мен міндеттерін түсінуге үйретуі керек. Біздің мектепте осы бағытта көптеген шаралар болып тұрады. Құқық қорғау органдарының қызметкерлерімен кездесулер жиі ұйымдастырылады.

Заңдарды сақтау және құрметтеу – адам құқықтарын білу үшін тағы бір маңызды аспект. Заңдарды білу, оларды сақтау – азаматтардың құқықтарын қорғаудың негізі. Заңдарды бұзу – құқық бұзушылыққа әкеледі, ал құқық бұзушылықтар азаматтардың құқықтарын шектейді. Сондықтан, әрбір азамат заңдарды құрметтеп, оларды сақтау керек. Оқушылар заңдарды оқып, оларды түсінуі қажет, себебі заңдарды білу – құқықтарды қорғаудың алғашқы қадамы.

Азаматтардың құқықтарын қорғаудағы тағы бір маңызды аспект – құқықтық ақпараттың қолжетімділігі. Қазіргі заманда ақпараттық технологиялардың дамуы арқасында, құқықтық ақпаратты алу әлдеқайда жеңілдеді. Интернет арқылы әркім өз құқықтары туралы ақпаратты оңай таба алады. Алайда, ақпараттың шынайылығы мен сенімділігіне назар аудару керек. Сондықтан, ресми және танымал құқық қорғау ұйымдарының сайттарынан, мемлекеттік органдардың ресми ресурстарынан ақпарат алған дұрыс деп санаймын.

Адам құқықтарын қорғау – бұл тек құқық қорғау ұйымдарының міндеті емес, әрбір азаматтың жауапкершілігі. Адам құқықтарын қорғау үшін азаматтар өз құқықтарын білуі, оларды құрметтеуі және қорғауы керек. Азаматтардың құқықтарын қорғау – бұл қоғамның дамуының негізі, құқықтық тәртіптің сақталуының кепілі.

АЙДЫНҚЫЗЫ Алина, 9 «Е» сынып оқушысы.

Жетекшісі: СИСЕКЕШЕВА А.М.

**№42 «Ақ ниет» гимназиясының тарих және құқық пәндерінің мұғалімі.
Батыс Қазақстан облысы, Орал қаласы
Сурет: «Түркістан» газеті**

«ЖАЗҒАН ҚҰЛДА ШАРШАУ БАР МА, ӘЛІ ДЕ ІЗДЕНЕМ...»

- деген екен курстасымыз Ыбырай Мұстафаұлы
«Алматы ақшамы» газетіне берген сұхбатында

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ – дің журналистика факультетінде 1981-1986 жылдары бірге оқып, бітірген курстасымыз, бүгінде арамыздан шын дүниеге озып кеткен Бекжігітов Ибраһим – Ыбырай Мұстафаұлын 15 қаңтар күні қарсаңында шаңырағында жиналып, 70 жасқа толған күнінде оны еске алдық. Оған арнап, Құран бағыштап, кейінгі ұрпағы мен отбасының ұйытқысы болып, ұлдарын алдына салып, келіндерін ұлттық салт-дәстүрімізге үйретіп, немерелеріне әже болып келе жатқаны өз алдына, жылдар бойы шәкірт тәрбиелеп, оларға ағылшын тілін үйретуден жалықпай әлі де мектептің жүрегі болып жүрген зайыбы, ұстаз – Маржан Жарасқызына жолдасы Ыбекеңнің курстастарын үйіне шақырып, жақсы тілектерін балалары мен немерелеріне әке мен ата жайлы жылы естеліктер тыңдатпақ болған ниетіне алғыс білдірдік.

Дастархан басында бес жыл бойы студент «Ы.Бекжігітовтің» қызықты сәттерін айтып, көңілі таза, еш жамандық ойы жоқ, көп сөйлеп, жасаған жұмыстарын айқайлап айтпайтын Ыбекең Тибет медицинасы саласында айтарлықтай еңбек қалдырған мұраларымен таныстық. Арнайы патент алып, «Мен жіңішке ауруына ем таптым» - деп емдік шөптермен



болуға ұмтылыпты. Тоғыз жыл айналысқан емшілік өз нәтижесін бергенін, ғылыми негізде жалғастыруға ниетті екенін сұхбаттарында айтқан. Мақсатына жету үшін көп еңбектенгенін, білікті мамандардың ғылыми зерттеу жұмыстарына сүйене отырып, өзі біраз дүниенің басын құрап, жинақ етіп шығаруға дайындап қойыпты.

Курстасымыз Ыбырай Бекжігітовке дұғамызды, отбасына игі тілегімізді арнай отыра оның өмірбаянына да қысқаша тоқтала кеттік. 1955 жылы, 15 қаңтарда Түркістан облысы, «Күшата» елді мекенінде дүниеге келген. Университет бітірген соң еңбек жолын Маңғыстау облыстық «Коммунистік жол» газетінде журналист болып қызметін бастаған. 1988 жылы «Жалын» альманағында жалғастырады. 1989-1990 жылдары «Өркен-Горизонт» студенттерге арналған газетте қызмет етеді. 1990-1998 жылдары сол кездегі Теле-радио комитеті ОҚО радионың бас редакторы, телевизия саласында Түркістан, Кентау қаласы мен Созақ ауданының меншікті тілшісі қызметін атқарды. 1998 – 2000 жылдары Қазақ-Кувейт университетінің журналистика факультетінде оқытушы болды. 1984 жылы студенттердің «Жігер» фестиваліне қатысып, жүлдегер атанады. 1986 жылы Жамбылдың 140 жылдық мерейтойында айтыскер ақындар жиынын арнау өлеңімен ашып, арнайы марапатталған. Топтама жырлары студенттердің «Аудитория» жыр жинағында жарық көрген. Өлеңдері мен прозалық шығармалары 1988 жылдан бастап баспасөз беттерінде жарық көріп отырды. Ыбекеңнің ар алдындағы адалдығын,



қаншама адамды емдегені жайлы баспасөз беттерінде бірқатар сұхбаттары жарияланыпты. Емшілік бағытқа бет бұрғанының себебін де сұхбаттарында айтыпты. Ыбекең ерінбей шығыс медицинасына жүгініп, асықпай зерттепті. 20 түрлі шөптерден дәрі жасап, жаны ауырған жандарға қол ұшын беріп, дертіне дауа



еңбекқорлығы мен сіңірген еңбегін ризашылықпен атадық та, оның өмір жолы мен өнегесінен кейінгі жастар ғибрат алсын дедік.

Абай атамның «Ақырын жүріп, анық бас, Еңбегін кетпес» далаға деген қағидасы осындай адал еңбек иелеріне бағышталғанына курстасымыздың атқарған игілікті істері арқылы куә болдық. Маржан Жарасқызы жодасының өмірінің соңғы сәтіне дейін қаламы қолында қағазы жанында болыпты...

Уақытын текке өткізбей, шығармашылықпен айналысып, журналист-жазушы проза саласындағы тұңғыш шығармасы - «Ұрлықшы қыз» - детектив нұсқадағы кітабын да жариялап үлгенген екен. Детектив тақырыбы – өте күрделі, кез келген журналистің бара бермейтін тақырыбын алып, нақты ресми деректерге сүйене отырып, жазыпты. Курстасымыздың қара шағырағында ұлдарының ержетіп, екі ұлы Абылайхан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері, тұңғышы - Абай атындағы Ұлттық педагогикалық университеттерінде жоғары білім алып, мамандықтары бойынша қызмет етуде. Үшеуі де бір-бір шаңырақтың иесі – әке болып отырған үлкен әулетке айналғанына қуандық. Әке тәрбиесі, ана сүтімен ұлдарына дарыған қабілетпен алға адымдап келе жатқан өз саласының білікті мамандары. Егіз ұлдары Серік пен Берік, Досымбектен тараған ұрпақ, күні ертең бір қауым ел болсын деген тілек арнадық.

Мектеп бітіре сала студент атанғандықтан курстасы жасы бізден үлкен кейбір жігіттерді құрметтеп «Ағай», «Аға» дейтінбіз. Ыбекең жайлы екі естелік айттым. Үзіліс кезінде қандай мәселеге байланысты екенін білмеймін, «Аға!» - дегенім есімде. Аға жай келіп, «Маған аға» - деп айтпа деді. Мен үндемей қалдым. Университет бітіріп, жылдар өткен соң Ыбекең Берік есімді ұлын үйлендіріп, курстастарын 2015 жылы туған жері қасиетті Түркістанға тойға шақырды. Тойды кіндік қаны тамған қара шаңырақта өткізді. Сол кезде «Аға!» дейін бе дедім қалжыңдап. Ыбекең үнсіз бір күліп алған. Курстың атынан «Алматы ақшамы» газетінің тілшісі Нұржамал Байсақалмен

жастарға тілекші болып, барып, келдік. Сонда үш курстас балалық шағымыздан той басталғанша, әңгіме айттық.

– Бала кезімде де осындай үндемей жүре беретін едім. Өздерің білесіңдер, мен мектеп бітірген соң, алты-жеті жыл газетте жұмыс істеп келіп күндізгі бөлімге оқуға түстім. Аға деп айтатындарың содан ғой, - деді байсалды күйі.

Айта кететіні, біздің курс ерекше әр студенттің жалықпай айтатын қылықтары мен қызықтары өте көп курс шығар. Әр бас қосқан сайын қанша айтсақта таусылмайтын студенттік шежіреміз эпопеяға бергісіз естеліктер ғой, шіркін! Ыбырай Мұстафаұлын айта отырып, курсымыздың ең үлкені, жасы 35-ке келгенде ҚазҰУ студенті атанған арамыздан ерте кеткен Аманғали Дайрабаев ағамызға тоқталдық. Бүгінде ғұмырының жартысынан көбін ұстаздыққа арнаған зейнеткер Абиштаева Қуанышкүл Хайдарқызы жеңгіміз ортамызда, ағаның орнын жоқтатпай келеді. Бауыржан Үсенов, Жамила Түлкеева, Жаяу Мұса Дурманов, Алмабек Түстікбаев, Қаржау Омар, Жандарбек Қатпабаевтардың да есімін атап, әруағына дұға бағыштадық.

Ыбырай Бекжігіттің шығармашылығында үлкен орын алған бір қыры ақындығы – поэзияға құлаш сермепті. Еш жерде жарияланбаған өлеңдерін зайыбы Маржан Жарасқызы ұсынып, жариялауға рұқсат берді. Курстасымыздың қаламынан тамшы болып төгілген өлеңдері мен кітапқа лайық жазған дүниелері көп екен. Денсаулығына байланысты санаторийде емделіп жүріп, шығармаларын баспадан кітап етіп басып шығарып беремін деген азаматтың қолына ұстатып жіберіпті, сол арада Ыбекең дүние салады, қол жазбаларын алған адам хабарсыз кеткен. Отбасы кітап шығаруды жауапкершілігіне алған адамның кім екенін білмейтінін айтып отыр.

Ж.Кучукова, курстасы

• Өлеңдер мен суреттерді Ыбекеңнің отбасылық архивінен жолдаған Маржан Жарасқызы

«Менің атым – Әліппе»



Оқушыларымның ертеңгілігі «Рақмет, саған Әліппе» - деп аталды.



Даулетқызы Әдемі

– Менің атым – Әліппе,
Мені анаңдай дәріпте.
Мені оқып ержеткен,

Бауыржан да, Мәлік те, - деп Әліппенің бар білімнің бастауы екені Мәлік Ғабдуллин атамыз өсиет етіп қалдырғанын ең алдымен мектеп табалдырығын аттап, партаға отырған бірінші сынып оқушысының қолына ұстатқанда айтамын. Бүгінгі бейбіт заман үшін қасық қаны қалған қан майданда жаумен арпалысқан М.Ғабдуллин - ұлағатты ұстаз, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ – нің филология факультетінде дәріс берген қазақтан алғаш шыққан Кеңес Одағының Батыры. Абай атындағы ҚазПИ-дің он жылдан астам ректоры қызметін абыроймен атқарған еліміздің қаһарман ұлдарының бірі екенін бүлдіршіндерге таныстырып өтемін.

«Рақмет, саған Әліппе!» ертеңгілігіне жиналған ата-ана, бастауыш сынып әдістемелік бірлестігі мұғалімдері оқушылардың әліппеден алған білімдерін ортаға салып, өнерлерімен көрсетті. Оқушыларды алда оқитын «Ана тілі» оқулығымен таныстырып, әр шәкірт сабақта өзін-өзі басқаруға үйрету деген мақсатыма жеткеніме еңбегім еш кетпегенін дәлелдеді.

«Әліппе» оқулығы кейіпкері болған оқушылар екі тоқсан оқыған оқулықтан үйренгендерін ортаға салды. Ата – ана да бүгін біздер үшін қуанышты күн, өйткені 1 «Қ» сынып оқушылары тұңғыш рет сауатын ашқан «Әліппені» бітірді деп жүрекжарды қуаныштарымен бөлісті.

Бастауыш сыныпты оқытып келе жатқаным 20 жыл болды. Алматы қаласы, №1 Қазақ педагогикалық колледжін бітіріп, білім деңгейімді көтеру мақсатында Қазақ Ұлттық қыздар педагогикалық университетін «Педагогика және бастауыш сынып әдістемесі» мамандығы бойынша жоғары білім алдым. Іс-тәжірибемде бірнеше әдіс-тәсілдерді қолданамын. Атап айтқанда венн диаграммасы, түртіп алу, суретті сызбалар, дидактикалық ойындар. Бастауыш сынып апталығында математика сабағынан «Тіктөртбұрыш пен шаршының ауданын табу» тақырыбында ашық сабақ өттім. Мектепшілік 3-сыныптар арасында «Ұлттық ойындар» тақырыбында сайыс өткіздім. Баланың өмірлік тәжірибесі қоршаған ортасына, жанұясына және мұғалімдеріне байланысты. Қабілеттер тек іс-әрекетте анықталады. Оқушылар мектепшілік, аудандық, республикалық онлайн

оқуларға қатысып жүлделі орындар алды.

Атап айтқанда, аудандық «Қазақтың дана Қадыры» байқауы, Республикалық «Бастау» Ғылыми дамыту және зерттеу орталығының «Үздік оқушы» олимпиадасына, «Ақберен» зияткерлік орталығының республикалық «Абай оқулары» онлайн мәнерлеп оқу байқауына, «Жаңа



Қазақстан» орталығының республикалық «Ілияс оқулары» онлайн мәнерлеп оқу байқауына, «Педстарт» ғылыми-әдістемелік Республикалық білім беру орталығы «Ақбота-2024» зияткерлік олимпиадасына, «Мың бала» зияткерлік орталығының республикалық «Мағжан оқулары» онлайн мәнерлеп оқу байқауына қатысқан оқушыларым топ жарып, алғырлығы, білімділігімен танылды.

Ертеңгілікте мектеп директоры оқу-ісінің меңгерушісі – Тазабекова Меруерт Болатқызы, ата-ана Базарханова Шынар Дулатқызының сөйлеген сөзі мен жақсы пікірлерінен кейін осындай ой түйдім.

ИМАНГАЛИЕВА Самал Алимгазыевна,
Алматы облысы, Талғар ауданы,
І.Жансүгіров атындағы №37 орта
мектебінің бастауыш сынып мұғалімі



МУЛЬТФИЛЬМДЕРДІҢ БАЛАЛАРҒА ТИГІЗЕТІН ӘСЕРІ

Біз, Алматы қаласының 15 гимназияның бастауыш сынып оқушылары – Серікқан Еркенұр мен Ахметжан Әдисұлтан. Біз бір жыл көлемінде «Мультфильмдердің балаларға тигізетін әсері» тақырыбында зерттеу жұмысын жүргіздік. Және зерттеу жұмысымызды ғылыми жобалар сайысына ұсынып, ол жобамызды қорғап, жүлделі орынды иелендік. Біздің жүлдегер атануымызға бастауышта оқытып келе жатқан ұстазымыз – Бахтиярова Марал Болатқызының еңбегі көп болды. Сайысқа бірге дайындалып, бізге ақыл-кеңесін беріп келеді. Ата-анамыз да біздің ынтамызға қуанып, қабілетіміздің байқалуына қолдау көрсетті.

Бастауыш сынып оқушысы болсақта, қатарлас құрбыларымыздың ертегіден гөрі смартфондағы түрлі сайттарға кіріп, баланың мінез-құлқын өзгертетін дүниелерге әуестеніп алған. Тіпті, кейбір балалар өздерін сол көрген мультфильм, комикстердің кейіпкеріне еліктеп, дәл солардай әрекет жасауға көше бастағанын да байқау қиын емес. Бір ғана мысал айтсақ, қыздар да, ұлдар да бетіне түрлі белгінің суретін салып, қабағын қатайтып, бірінің әзілін бірі көтере алмай күш көрсетуге дайын тұрады. Біздің тәуелсіз мемлекетіміздің Ата Заңында адамдардың, балалардың да бірінің денсаулығына бірі зиян келтіріп, ар-ожданын таптауға болмайтыны, осы әрекеті үшін заңмен тәртіпке шақырылатыны айтылған. Бұл қағиданы үйде ата-анамыз, мектепте мұғаліміміз үнемі айтып, есімізге салып отырады.

Бұл тақырыпты таңдауымызға түрткі болған нәрсе – мен, Еркенұрдың бауыры «Ютуб» желісін, «Nickelodeon», «Cartoon Network» деген арналарды көріп, мінез-құлқысының өзгеруі. Бауырым үлкендерді тыңдамай, ұрысып, жаман сөздер айтып, менімен де төбелесе бастады, өзін «Я хаги ваги», «Я сиреноголовой», «Привет Сосед», «Я-Бейди еллоу» деген мультфильмдердің қаһарманы деп санап жүрді. Осы мәселе Еркенұрды қатты алаңдата бастады. Содан бастап, екеуіміз ақылдасып, оның бауырына жағымсыз мультфильмдерді көруге тыйым салдық. Оған «Балапан» арнасындағы бағдарламаларды, жағымды мультфильмдерді көрсетуге тырыстық. Бірнеше аптада өткенде бауырымыздың мінез-құлқының дұрысталғанын, әдеппен сөйлей бастағанын байқадық.

Және де сыныптастарымызбен мультфильмдердің жағымды, жағымсыз түрлері болатынын, тек жағымды мультфильмдерді көру керектігін ескерттік. Атап айтсақ, «Маша и медведь», «Том и Джерри», «Лунтик», «Фиксики», «Простоквашино», «Алдар көсе», «Тоқты мен Серке», «Али мен Айя», «Батырлар», «Қарлығаштың құйрығы неге айыр?» мультфильмдерін көруге ұсындық. Мультфильмдердің пайдасы көп, олар дұрыс және мейірімді нәрселерге үйретеді. Бала мультфильмнен достасуды үйренеді, аяушылық білдіруді, өзіне сенуді және басқаларға көмектесуді меңгереді.

Ертегілердің, соның ішінде балалар ата-әжелерінен, немесе телефон арқылы сүйіп тыңдайтын қазақ халқының ертегілерінің тәрбиемізге беретін маңызы өте зор. Ертегі тыңдамайтын бала жоқ. Ұстазымыз айтқандай, ұлттық құндылықтарымыз – халық ертегісінде жатыр. Ертегі оқу арқылы ең алдымен Ана тілімізде көркем сөйлеуге ұмтыламыз. Сауатты жазамыз. Тәрбие аламыз. Ертегі – фольклордың негізгі жанрының бірі екенін білдік. Ертегі – қазақ ауыз әдебиетінің төл туындысы. Сол себепті, Еркенұр екеуіміз Марал Болатқызының жетекшілігімен «Мультфильмдердің балаларға тигізетін әсері» деген тақырыпты алып, зерттедік. Алдағы уақытта бұл тақырыпты зерттеуді жалғастыра бермекпіз.

СЕРІКҚАН Еркенұр, 3 «А» сынып оқушысы.
АХМЕТЖАН Әдисұлтан, 2 «А» сынып оқушысы
Алматы қаласы, «15 гимназия»

«ӨЗ ҚҰҚЫҚТАРЫН БІЛУІ, АДАМДЫ ӘДІЛДІККЕ ЖЕТЕЛЕЙДІ»

«Құқықтар мен заңдар адамдарға әділдік пен бостандықты қамтамасыз ету үшін ғана қажет, егер олар осы мақсатқа қызмет етпесе, олар әділетсіз болады»

Шарль Лиу де Монтескьё

Өз құқықтарын білуі, адамды әділдікке жетелеуге және оларды бұзған жағдайда заң арқылы қорғауға мүмкіндік береді. Құқықтарды білу арқылы адам өзіне әділ шешімдер мен жағдайларды талап ете алады. Қоғамдағы жауапкершілікті сезінуіне көмектеседі. Өз құқықтарын жетік біле отырып, адам заңды бұзудан аулақ болып, құқықтық қателіктерден сақтана алады.

Құқықтың мәні мен маңызы туралы біз білуге міндеттіміз. Құқық – адамдардың өз құқығын сақтай отырып, өзара бейбіт өмір сүруіне мүмкіндік береді. Мысалы, еңбек құқығы азаматтардың өздерінің еңбек шарттарын сақтауға, әлеуметтік қорғалуына көмектеседі. Құқықтың маңызы оның қоғамдағы тәртіп пен қауіпсіздікті қамтамасыз етуінде жатыр. Құқықтық ережелер тек жеке тұлғаларды ғана емес, қоғамды да қорғап, әділдікті сақтауға бағытталған. Әділеттілік – құқықтың негізгі қағидаты болып табылады. Әрбір адам өзінің құқықтары мен бостандықтарын білу арқылы өз мүддесін қорғай алады. Бұл адамзат қоғамында әділетсіздіктің орын алуына жол бермейді.

Әрбір Қазақстан Республикасының азаматы мен азаматшасы құқықтарды білгені абзал. Құқықтарды білу әр адамға өз мүддесін қорғауға мүмкіндік береді. Құқықтарды білетін азаматтар қоғамның дамуына үлес қосып, жанжалдарды бейбіт жолмен шеше алады. Қазіргі заманғы құқық және қоғамда құқықтары халықаралық деңгейде мойындалады. 1948 жылғы «Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы» барлық адамдардың теңдігін, еркіндігін және қадір-қасиетін мойындаған маңызды құжат болып табылады. Бұл құқықтардың ішінде өмір сүру, білім алу, еңбек ету, жеке өмірге қол сұғылмаушылық және пікір білдіру еркіндігі бар. Дегенмен, қазіргі қоғамда құқықтарды сақтауда қиындықтар да бар. Мысалы, интернеттің дамуы жаңа құқықтық мәселелер туғызуда: дербес деректерді қорғау, киберқұқық бұзушылықтар. Осындай жаңа сын-қатерлер құқықтық білімнің өзектілігін одан әрі арттырады.

Құқықтық сауаттылықты арттыру отбасы мен

мектептен басталады. Балаларға құқық туралы білім беру олардың құқықтарын қорғау мен құрметтеуді үйренуіне мүмкіндік береді. Мектеп бағдарламаларына құқықтық білімді енгізу арқылы құқықтық қоғам қалыптастыруға жол ашылады. Сонымен қатар, құқықтық білім тек теориямен шектелмей, шынайы өмірде кездесетін мәселелерді шешуге бағытталуы тиіс. Теориямен оқушылар нағыз құқықтың қандай болуы екендігін, ол мәселелерді қалай шешу керектігін түсінеді деп ойлаймын. Біліммен қатар құқықтың әлеуметтік және мәдени аспектілері өте маңызды, өйткені олар қоғамдағы адамдардың өзара қарым-қатынасын, мәдени құндылықтарын және жалпы әлеуметтік құрылымды қалыптастыруға әсер етеді. Әлеуметтік қоғамдағы адамдардың өзара қатынасын реттейді. Ол әлеуметтік теңдікті қамтамасыз етіп, әр адамның құқықтарын қорғауға, әділеттілік орнатуға көмектеседі. Мәдени аспектке келетін болсақ құқық мәдениетпен тығыз байланысты, өйткені әрбір қоғамның өзінің дәстүрлері, әдет-ғұрыптары және құндылықтары бар, олар заңды қалыптастыруда үлкен рөл атқарады.

Қорытындылай келсек, адам құқықтарын білу – әділетті және тұрақты қоғамның негізі. Құқықты білетін адам өз өмірін еркін, қауіпсіз және лайықты деңгейде өткізе алады. Құқықтық сауаттылық тек жеке тұлға үшін ғана емес, бүкіл қоғам үшін маңызды. Құқықсыз қоғам жанжал, ал құқықты қоғам тәртіп пен тұрақтылыққа алып келеді. Сондықтан әрбір азамат өз құқықтарын білуді, оларды қорғауды және өзгелердің құқықтарын құрметтеуді өз өмірінің ажырамас бөлігіне айналдыруы керек. Адам өз құқықтарын білуі қажет, өйткені бұл оның еркіндігі мен әділдігі үшін маңызды. Құқықтар мен міндеттерді түсіну адамды түрлі жағдайларда қорғай алады, заңды бұзбауға көмектеседі және әлеуметтік әділеттілікке ықпал етеді. Әрбір азаматтың азаматтық жауапкершілігін және қоғамда салауатты тәртіп орнатуға мүмкіндік береді.


ТЕМИРХАНОВА Арайлым,

9 «Е» сынып оқушысы.

Жетекшісі: СИСЕКЕШЕВА А.М. №42 «Ақ ниет» гимназиясының

тарих және құқық пәндерінің мұғалімі.

Батыс Қазақстан облысы, Орал қаласы





«ӘЛІППЕ» АТТЫ КЕМЕМЕН БІЛІМ МҰХИТЫНА СҰҢГІГЕН ШӘКІРТТЕРІМ

«Қош бол, сүйікті Әліппе!» әліппемен қоштасу ертеңгілігі Мен жас мұғалім қатарындамын. Бала кезден құлай қызыққаным – бастауыш сыныпқа сабақ беру болатын. Өзімнің алғаш мектеп табалдырығын аттаған кезім, бізді жылы жүзбен қарсы алып, мейірімді көздерімен күлімдеп тұратын алғашқы ұстазым әлі күнге есімнен кетпейді. Сыныпта бар баланы сөйлетіп, билетіп, ән айтқызып, сурет салдырып, спорт жарыстарына да қатыстырып жүлдегер атандырған ұстаз болу болу бақыт екенін мамандық таңдауға келгенде ұқтым да мұғалім мамандығын таңдадым. Мектеп бітірген соң арнайы білім алып, І.Жансүгіров атындағы №37 мектепте биыл тоғызыншы жыл бастауыш сыныпты оқытып келемін. Биыл мен қабылдап алған 1 «И» сыныбының оқушылары «Әліппемен» қоштасып, қолдарына «Ана тілі» оқулығын алып оқуын бастап кетті.

Әліппе – бар білімнің анасы. Әліппемен қоштасу – шәкірттер үшін білімнің бір белесін артқа тастап, білім көкжиегіне құлаш сермеу деген сөз. «Әліппемен қоштасу» – оқу анасы оқулығында 42 әріпті әр шәкірт меңгеріп, әріптен сөз құрап, сөзден сөйлем құрап, тақырып бойынша қысқаша әңгіме айта алатындай дәрежеге жеткенін көрсетеді. Яғни, бастауыш сыныпта алға қойған мақсаттарымның бірі – бірінші сынып оқушыларына білімнің бастауы болған «Әліппеден» үйренгендерін тиянақтау, білімдерін ортаға салу. Өнерлерін тамашалау, әліппе оқулығына оқушылардың ерекше құрметі, бағасы, мектеп өміріндегі оқулықтың орнын түсінуге, Тәуелсіздігіміздің ұландары екендерін ұғындыру. Білімдерінің артып, сөз байлығының молайып, саналарының өскендерін көрсету. Отанын, мектебін, ұстаздарын, ата - аналарын құрметтеуге тәрбиелеу.

Шәкірттеріме «Әліппемен» қоштасатынымызды, оған қонаққа ұстаздар мен ата-аналарды шақыратынымызды айттым. Сол себепті, жақсы дайындалып, жаттаған

тапқатарымызды ұмытып қалмай, әдемілеп дикцияны бұзбай айтуды, ән салып, би билеуді, спортқа да, бейнелеу өнеріне қабілетті екенімізді, тәрбиелі шәкірттерді көрсете білетінімізді айтқанда, бүлдіршіндер риясыз қуанды. Өздеріне сенімді екенін білдірді. Ұстаз үшін бір бақыт – осы! Адам жанын жадыратар шәкірттеріңнің риясыз күлкісі.

Ертеңгілік барысында әр оқушы өзінің үйренгенін, қабілетінің ашылғандығын байқатты. «Әліппе» оқулығын оқи отыра шәкірттерім альфавиттермен сырласып, жазу жазды, сурет салды, достық пен ынтымақтың, бірлікті жандарына серік етті. Мейірімділікті, үлкенді құрметтеп, кішіге ізет көрсетуді отбасында алған тәрбиесімен мектепте оған қаныға түсуде. Көпшіл орта – сынып, сыныпта бірін-бірі сыйлай білу, көмек қолын созудың не екенін ұқты. Қойылған сұрақтарға мүдірмей жауап берді.

Мақсатқа жету нәтижесі – көпшіліктің пікірі. Ата-ана да, арнайы шақырылған ұстаздар да бүлдіршіндерге алғыс айтып, көңілдерін бір көтеріп тастады. Әр оқушының ертеңгіліктегі белсенділігін, оқуға құштарлығын бағалап, дипломдар тапсырылды. Енді міне, оқу жылының III – тоқсанында қолдарына білімнің кең дариясы «Ана тілін» алып, оқуды жалғастыруда. Ежелден келе жатқан «Білім – негізі бастауышта қаланады» деген қағида бар. Алдағы уақытта менің 1 «И» сыныбым бастауышта білімнің нәріне қанығып, орта және жоғары сыныпта білім сайыстарына қатысып, жүлделі орындардан көрінсін. Арманы орындалып, мақсатына жетсін деген тілектемін.

ЖАНБАТЫРОВА Айгерим Ақытовна,
Алматы облысы, Талғар ауданы,
І.Жансүгіров атындағы №37 орта
мектебінің бастауыш сынып мұғалімі



Коллаж: Elordainfo.kz

ҚАЗАҚСТАНДА ЖАҢА КӘСІБИ МЕРЕКЕЛЕР ПАЙДА БОЛАДЫ

Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі ведомство басшысының 8 жаңа кәсіби мерекені бекітуді көздейтін бұйрығының жобасын дайындады. Құжат 2024 жылғы 23 желтоқсанға дейін жария талқылау үшін «Ашық НҚА» порталында орналастырылған, деп хабарлады Elordainfo.kz.

«Кәсіби мерекелер тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің орынбасары – Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 29 маусымдағы №258 бұйрығына толықтырулар енгізу туралы» ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің бұйрығының жобасындағы кәсіби мерекелер тізбесін келесідей атаулы күндермен толықтыруды көздейді:

- 28 қаңтар – Қаржылық мониторингі органдарының күні;
- шілденің бірінші жексенбісі – Теңіз және өзен көлігі қызметкерлерінің күні;
- тамыздың бірінші жексенбісі – Теміржол көлігі қызметкерлерінің күні;
- қыркүйектің екінші жексенбісі – Бақылау өлшеу аспаптары және автоматика саласы қызметкерлерінің күні;
- 2 қазан – Қазақстан Республикасының техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру қызметкерлері күні;
- қазанның соңғы жексенбісі – Автомобиль көлігі қызметкерлерінің күні;
- 10 қараша – Бухгалтерлік есеп және аудит саласы қызметкерлерінің күні;
- 13 желтоқсан – Қылмыстық-атқару жүйесі күні.

Бұдан басқа Ұлттық баспасөз күні мен Радио күні бұған дейін ҚР Үкіметінің 2024 жылғы 16 тамыздағы №668 қаулысымен бекітілуіне байланысты, аталған мерекелер қайталануды болдырмау мақсатында осы тізбеден алып тасталуы жоспарлануда.

Жаңа кәсіптік мерекелерді енгізу туралы ұсыныстарға тиісті қызмет салаларының уәкілетті мемлекеттік органдары бастамашылық жасады.

Бұйрық жобасымен «Ашық НҚА» порталында мына сілтеме бойынша танысуға болады.

Elordainfo.kz



@farabishakirti.kz
f @farabishakirti.kz
i @farabishakirti.kz

Farabi shákirti

МЕКТЕП МҮҒАЛІМДЕРІНЕ, ОҚУШЫЛАРҒА, ОРТА ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫ
ОҚЫТУШЫЛАРЫ МЕН БІЛІМ АЛУШЫЛАРЫНА, САЛА МАМАНДАРЫНА,
АРДАҒЕРЛЕРГЕ, АТА-АНАҒА АРНАЛҒАН РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ТАНЫМДЫҚ ЖУРНАЛ

Глава государства провел встречу с экспертами в области искусственного интеллекта



В ходе рабочего визита в ОАЭ Президент Касым-Жомарт Токаев принял участие во встрече с экспертами по вопросам развития искусственного интеллекта (ИИ).

Выступая перед участниками мероприятия, Глава государства отметил, что ИИ является одной из ключевых движущих сил современного прогресса и способен кардинально изменить экономику.

— В Казахстане предпринимаются значительные шаги для создания прочной основы для продвижения ИИ. Акцент делается на формирование институциональных рамок, инфраструктуры и развитие человеческого капитала. В рамках институциональной структуры мы создаем Международный консультативный совет по искусственному интеллекту, который будет работать под моим руководством. Этот совет станет стратегической платформой для диалога и обмена мнениями с мировыми экспертами, объединяя инженеров, исследователей и предпринимателей с целью выработки рекомендаций по национальной политике в области ИИ и укрепления международного сотрудничества, — сказал Президент.

Как подчеркнул Касым-Жомарт Токаев, ключевым приоритетом для Казахстана в сфере ИИ является подготовка и поддержка высококвалифицированных специалистов. По его словам, успех внедрения ИИ напрямую зависит от квалификации и опыта тех, кто разрабатывает и использует эти технологии.

Глава государства также сообщил, что в Казахстане создан центр передовых технологий AlemAI, который объединит лучшие мировые практики и будет способствовать внедрению инновационных решений. Он отметил, что центр станет хабом для реализации инициатив, связанных с ИИ, включая образовательные программы для школ,

университетов и центров профессиональной подготовки, исследовательские центры, офисы для стартапов и компаний, а также платформы для обмена опытом и передовыми практиками.

— В сфере образования мы представили инновационную программу Al-Sana, которая призвана способствовать развитию человеческого капитала в области ИИ. Программа обеспечивает междисциплинарную подготовку специалистов из разных отраслей и способствует разработке передовых решений в сфере ИИ, — добавил Президент.

В завершение Касым-Жомарт Токаев подчеркнул, что Казахстан стремится стать активным участником глобальной экосистемы искусственного интеллекта и призвал участников мероприятия к сотрудничеству в различных областях: от научных исследований до установления этических стандартов.

Мероприятие продолжилось дискуссией, в которой приняли участие основатель компании Polynome Александр Ханин, главный директор по искусственному интеллекту компании G42 Эндрю Джексон, профессор Университета науки и технологий Халифа в Абу-Даби Дебба Меруан, председатель исполнительного совета инициативы ООН «ИИ во благо» Аль-Мазруи Эбтесам, директор по государственным делам и партнерствам компании Core42 Аль-Каисси Талал, ректор и профессор Университета искусственного интеллекта имени Мухаммеда бин Заида Тимати Болдуин, руководитель отдела искусственного интеллекта компании Saal.ai Абдулнаби Абрар, руководитель отдела венчурных проектов и развития компании Mubadala Investment Company Аль-Мазруи Фарис Сухейль.

Akorda.kz

Представлена «Модель обучения казахскому языку «Tilqazyna» на основе искусственного интеллекта

Национальный научно-практический центр «Тіл-Қазына» при Комитете языковой политики Министерства науки и высшего образования представил первые результаты «Модели обучения казахскому языку «Tilqazyna» на основе искусственного интеллекта.

На данный момент модель способна выполнять задачи в таких областях казахского языка, как лексика, морфология, семантика и др. В частности, она может генерировать текст на казахском языке, создавать перифразы, работать с контекстом, сокращать тексты, исправлять грамматические и пунктуационные ошибки, раскрывать значения фразеологизмов, а также переводить термины.

Эта отраслевая LLM модель уже загружена на платформу Hugging Face и доступна всем пользователям. Использование данной модели позволит разрабатывать множество IT-продуктов на казахском языке с помощью искусственного интеллекта. Это соответствует Посланию Президента Касым-Жомарта Токаева, в котором подчеркивалась важность превращения Казахстана в страну, широко использующую искусственный интеллект и развивающую цифровые технологии.

При разработке модели эксперты центра «Тіл-Қазына» применяли алгоритмы обработки естественного языка и целенаправленно анализировали большие объемы данных. В частности:

- для проверки слов использовались 684 876 лексических единиц;



- для улучшения системы проверки словосочетаний было использовано 20 212 правильных и ошибочных вариантов;
- для исправления пунктуационных ошибок проанализировано 5 558 текстов;
- для коррекции структуры текста было подготовлено 3 000 правильных и неправильных версий текстов;
- для функции сокращения предложений создана база из 6 000 полных и сокращенных предложений;
- для функции перифраза собрано 14 790 синонимических рядов;
- общий объем обработанного корпуса казахского языка составил 35 ГБ.

В этом году в модель будет добавлена функция голосового общения, и будет разработан удобный интерфейс для пользователей. Также проект будет способен обучать казахскому языку на уровнях A1, A2 и B1, а к 2026 году – на уровнях B2 и C1.

Конечным результатом проекта станет голосовой помощник, способный создавать индивидуальную программу обучения казахскому языку в зависимости от уровня знания языка пользователя. Он будет представлен в виде мобильного приложения для систем IOS и Android.

Из сайта Министерство высшего
образования и науки РК

В Казахстане будут производить высокотехнологичные дроны

При поддержке АО «НК «KAZAKH INVEST» компания Yesil Technology наладит производство промышленных беспилотных дронов.

Проект подразумевает строительство производственной и научно-исследовательской зоны площадью 50 000 квадратных метров. Зона будет включать цех по производству аккумуляторов, научно-исследовательский центр, хранение полного цикла машин, испытательную площадку для летательных аппаратов и др. Ожидается, что запуск производства создаст 500 рабочих мест. Общий объем инвестиций составит порядка \$12 млн. Продукция будет поставляться на внутренний рынок, а также рынки стран Центральной Азии.

Компания Yesil Technology, дочерняя организация китайской «Shaanxi Kaizhuo Electronic Technology Co., Ltd», была создана в марте 2024 г. Деятельность компании сосредоточена на разработке коммуникационных связей для беспилотных летательных аппаратов и производстве готовых устройств. Так, компания стремится к глубокой интеграции передовых технологий БПЛА в мониторинг сельского хозяйства, защиту окружающей среды, охрану специальных объектов, аварийно-спасательные работы, противодействие БПЛА и другие области применения.

Согласно данным Всемирной федерации беспилотных летательных аппаратов, в 2024 г. объем мирового рынка экономики малых высот составил \$318,64 млрд, а к 2050 г. этот показатель превысит \$8.8 трлн. В Китае, например, объем рынка экономики малых высот в 2023 г. составил \$68,65 млрд, в 2024 г. - \$79 млрд, а в течение следующих пяти лет прогнозируется его среднегодовой рост на уровне 16,03%. За этими впечатляющими цифрами стоит широкое и

глубокое применение беспилотных летательных аппаратов в самых разных областях.

«Экономика малых высот благодаря своим уникальным преимуществам меняет мировую промышленную структуру. Она эффективно применяется во многих сферах, открывая новые пути для экономического развития. От сельского хозяйства и защиты лесов до логистики, от геодезии до аварийно-спасательных операций - спектр применения экономики малых высот постоянно расширяется, а ее потенциал безграничен», - отметил председатель правления KAZAKH INVEST Ержан Елекеев.

«Yesil Technology активно привлекает выдающихся ученых и исследователей со всего мира, сосредоточив усилия на решении ключевых проблем, таких как ограничение дальности полета беспилотных летательных аппаратов, точность интеллектуального уклонения от препятствий, точность и стабильность навигации, которые сдерживают развитие отрасли. Сегодня наша продукция уже обладает способностью стабильно работать в сложнейших условиях и точно выполнять задачи, предоставляя пользователям спокойное и надежное авиационное обслуживание. Yesil Technology не только сосредоточена на обновлении и улучшении продукции, но и берет на себя важную миссию по подготовке местных кадров в области технологий беспилотных летательных аппаратов. Мы будем работать в тесном сотрудничестве с научными организациями и компаниями для разработки программ обучения, чтобы технологии укрепились, а кадры повышали свою квалификацию», - подчеркнул глава Yesil Technology Юннин Хуэй.

Из сайта Profit.kz news





Скороговорки для детей

Скороговорки - это жанр фольклора. Они стали эффективным методом оттачивания правильного произношения звуков. Благодаря скороговоркам дети легко осваивают артикуляцию.

- *Бобр добр для бобрят.
- *Конструктивная инновационная инструкция к конструктору.
- *Трое трубачей трубят в трубы.
- *Говорилка говорилке говорила скороговорилку,
но другая говорилка не смогла выговорить эту скороговорилку.
- *Гримировщики гримировали, гримировали, да не выгримировали.
- *Под скалой вода – над водой скала.
- *Патрулируя патруль получил пять сотен пуль.
- *Взяла Наталия Виталия за талию:
Айда в Италию Виталию с Наталией?
- *Нарвал наврал, нарвалиха наврала втройне.
- *Чем чаще чищу, тем чашка чище.
- *От топота копыт пыль по полю летит.
- *Везёт Сенька с Санькой Соньку на санках.

- *Кокосовары варят в скорококосоварках кокосовый сок.
- *Кукушка кукушонку купила капюшон.
Надел кукушонок капюшон.
Как в капюшоне он смешон!
- *Тощий немощный Кощей
Тащит ящик овощей.
- *Шла Саша по шоссе и сосала сушку.
- *Два щенка, щека к щеке,
Щиплют щетку в уголке.
- *Выдра в ведро от выдры нырнула.
Выдра в ведре с водой утонула.
- *Корабли лавировали, лавировали, да не вылавировали.
- *На дворе трава, на траве дрова
Не руби дрова на траве двора.

**Источник: Bilimkand.kz,
автор: Макатова баян Касимовна**



ИНТЕРЕСНЫЕ ФАКТЫ ДЛЯ ДЕТЕЙ



Утёнок считает мамой того, кого увидел первым после рождения. Это явление называется импринтинг, или запечатление, или синдром утёнка.

Бегемот огромный и кажется неповоротливым, но он может бежать с той же скоростью, с которой бегун-спринтер 1-го разряда бежит стометровку. При массе тела до 1800 килограммов, как у микроавтобуса Газель, испуганный бегущий бегемот сносит на пути к ближайшему водоёму всё живое.

Следы человека на Луне никогда не исчезнут, потому что там нет ветра, чтобы их сдуть.



Самый большой в мире плавательный бассейн расположен на курорте Сан Альфонсо дель Мар в Чили. Его длина более километра. Он такой большой, что в нём можно кататься на лодках, катерах и даже небольших парусных яхтах.

У морской звезды глаза на конце каждой ноги.



В крупнейшей стране Аравийского полуострова Королевство Саудовская Аравия нет ни рек, ни источников пресной воды.



KAZAKHSTAN

TOP PLACES TO SEE



As the ninth largest country in the world, Kazakhstan has many things to offer tourists. Our list showcases Kazakhstan's cultural heritage, natural wonders and rapid modern development.

ASTANA

Astana is a glorious modern city, planned and built by globally-renowned architects. It is unique in Central Asia and you can be forgiven for thinking that you are in a modern western city with huge malls, modern skyscrapers, and broad avenues.

ALMATY

Almaty is the largest city in Kazakhstan with a population of 1.7 million people. It has myriad sightseeing opportunities, with plenty of parks and a variety of places of entertainment. You can also access free audio guide for Almaty and explore the city by your own. Almaty's international airport is well connected, making it the perfect starting point for your Kazakhstan Tour.



MEDEU & SHYMBULAK

It's easy to take a day trip to Medeu outdoor skating rink and Shymbulak ski resort.

TURKISTAN CITY & YASSAWI MAUSOLEUM

Turkistan is an important city with a rich cultural and historical heritage. The blue-domed mausoleum was built in the XIVth century and dedicated to Sufi philosopher and poet Khoja Ahmed Yassawi.

ALTYN EMEL NATIONAL PARK

Altyn Emel was established as a National Park in 1996. It covers an area of 4600 square kilometers – the size of Luxembourg and Mauritius combined. One of the highlights of the park is the singing dune.

CHARYN CANYON

Charyn Canyon looks like a sister of Grand Canyon in the USA, plunging to 300 meters in places. It has an impressive size of 80 kilometers in length as well.

KOLSAI LAKES & KAINDY

Kolsai is one of the most beautiful places for recreation, hiking, and horse riding in Kazakhstan. There are three lakes situated at an altitude of 1800 to 2700 meters above sea level. Kolsai's lakes are situated around 300 km from Almaty. On the way, make a stop at Kaindy. This magical lake with birch trees is the result of an earthquake in 1911 that flooded the forest.

MANGYSTAU



АЛТЫНЕМЕЛ ҰЛТТЫҚ
САЯБАҒЫ – ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ
ЕҢ ҮЛКЕН ҚОРЫҚ

Жетісу облысы, Панфилов,
Кербұлақ аудандары

